

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**Орта білім беру ұйымдарында едәуір сұранысқа ие мамандықтар бойынша
білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтау және диагностикасын
жүргізу механизмі**

Әдістемелік ұсынымдар

**Механизм диагностики и профессиональной ориентации обучающихся
организаций среднего образования на наиболее востребованные
специальности**

Методические рекомендации

Астана
2019

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2019 жылғы 30 қаңтардағы № 1 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 1 от 30 января 2019 года)

«Орта білім беру ұйымдарында едәуір сұранысқа ие мамандықтар бойынша білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтау және диагностикасын жүргізу механизмі» бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 194 б.

Методические рекомендации «Механизм диагностики и профессиональной ориентации обучающихся организаций среднего образования на наиболее востребованные специальности». Методические рекомендации. - Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2019. – 194 с.

Әдістемелік ұсынымдардың мазмұны орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтау бойынша отандық және халықаралық тәжірибенің материалдарын қамтиды, сонымен қатар орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтау және диагностикалау бойынша ұсыныстарды қамтиды.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру жүйесінің педагогикалық қызметкерлеріне, ата-аналарға және аталған мәселеге қызығушылық танытатын жақтарға арналған.

Содержание методических рекомендаций включает материалы из отечественного и международного опыта по профессиональной ориентации обучающихся в организациях среднего образования, а также рекомендации по проведению диагностики и определения профессиональной ориентации обучающихся в организациях среднего образования.

Методические рекомендации адресованы педагогическим работникам системы образования, а также родителям и всем заинтересованным сторонам.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2019.

© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2019.

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі:

Қазіргі жағдайда технологиялық еңбек нарығы өзінің құрылымында қарқынды даму кезеңінен өтуде, көптеген жаңа мамандықтарға өткір қажеттілік қалыптасуда. Ғалымдардың болжамы бойынша, 2050 жылға қарай қазіргі кезде бар мамандықтардың жартысына жуығы жасанды интеллектпен алмастырылады. Ол оңай регламенттеуге болатын мамандықтар. Жасанды интеллект адамды алмастыра алмайтын салада «күрделі» мамандықтар сұранысқа ие болып қала береді. Мұның бәрі жастардың мамандық таңдау мәселесіне жоғарғы қызығушылығын туғызады.

Қазіргі таңда елімізде 300 мыңға жуық (немесе 9 %) жастар білім және еңбекпен қамтылмаған [1]. Колледж түлектерінің арасында өткізілген сауалнама нәтижесі көрсеткендей, олардың 49 %-ы өз мамандықтары бойынша жұмыс істемейді. Әлемдік рекрутингтік агенттіктердің зерттеулері бойынша 50 %-ға жуық ЖОО түлектері өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналаспаған [2]. Қазақстанда жыл сайын 70 %-ға жуық мектеп бітірушілерге мамандық таңдау қиындықтар туғызады. Оның себептерінің біріне оқушыларда болашақ мамандығы туралы нақты түсініктің болмауы жатады. Мектеп оқушыларына «болжам» ретінде жұмыс берушілердің қатысуынсыз өткізілетін бір реттік іс-шара ұсынылады.

Білім алушылар өздерінің бейімі жоқ мамандықтарды таңдайды. Көптеген оқушылар бейіндік пәнді таңдауда саналы қадамға бармайды. Олардың таңдауы көбінесе мамандықтарға бөлінетін мемлекеттік грант көлемімен, мектепте оқытылатын таңдау пәнінің жеңілдігі, ата-анасының және достарының ұсыныстарымен анықталады.

Бұл мәселені шешудің тиімді тәсілі білім беру ұйымдарында білім алушыларды мамандыққа бағдарлау жұмыстарын жүргізу болып табылады. Бұл жұмыс үлкен өмірге қадам басқан адамға көмек беретін жүйелі іс-шараларды қамтиды, ғылыми негізге сүйеніп кәсіптік таңдау жасау немесе мамандыққа бағыттауға арналған тәрбие жұмыстарының жүйесін дамыту мақсатында, білім алушының өз бетінше мамандық таңдау кезеңінде көмек көрсетуге бағытталуы тиіс.

Жақсы деңгейде ұйымдастырылған кәсіби бағдар беру жұмыстары мемлекеттің тұрақты саяси және экономикалық негізін қалауға оң ықпал етеді. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауында орта мектептердің өзінде балаларды мейлінше сұранысқа ие мамандықтарға бейімдеп, кәсіби диагностика жүргізу маңызды екенін атап өтті [1].

Бүгінгі күні Қазақстанда кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастырудың мол оң тәжірибесі жинақталған. Дегенмен, оң нәтиже беруіне қарамастан, орта білім беру ұйымдарында бұл жұмыс әлі өз мақсатына жетпеген. Бұл ең алдымен, әрбір тұлғаның жеке ерекшеліктері мен қоғамға

қажетті мамандықтар бойынша кәсіби кадрларға деген сұранысқа сәйкес білім алушылардың бойында өздігінен кәсіп таңдай алуын қалыптастыру.

Елімізде 90-жылдарда енгізілген бейіналды және бейіндік оқытудың академиялық сипаты басымырақ, көбіне білім алушыларды кәсіптік білім беру ұйымдарына дайындауға бағытталған және аздаған дәрежеде ғана еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтармен таныстыруды қарастырады. Қазіргі кезде кәсіби диагностика мәселесіне байланысты бірыңғай жүйелі әдістеме жоқ, орта білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдарды бағалау шартты түрде ғана жүргізіледі, көп жағдайда санаулы әдістер қолданылады, басым көпшілігінде байланысы жоқ жүйесіз тест сұрақтары пайдаланылады.

Әдістемелік ұсынымда, авторлар, білім алушылардың кәсіби бағдарын анықтау бойынша әлемдік тәжірибені зерделеу және елдегі ағымдағы жағдайды талдау негізінде, орта мектептердің өзінде балаларды мейлінше сұранысқа ие мамандықтарға бейімдеп, кәсіби диагностика жүргізу механизмін әзірлеуге талпыныс жасады. Жұмыс ғылыми-әдістемелік тұрғыда, психологиялық әдістемелік құралдарға, жалпы педагогикалық принциптерге негізделіп әзірленген.

1 Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың кәсіби бағдарын анықтау үшін отандық және халықаралық тәжірибені талдау

Кәсіптік білім беру жүйесінің қазіргі кездегі жағдайы технологияның қарқынды дамуына және еңбек нарығының өзгеруіне, көптеген жаңа мамандықтардың пайда болуына байланысты, оның сапалы трансформациялануын талап етеді. Кәсіптік бағдар берудің әлемдік тәжірибесі қазіргі кезде дүние жүзінің дамыған елдерінде жүзеге асырылып отырған іргелі әдіснаманың қалыптасуына әкелген дамудың ұзақ жолынан өтті. Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың кәсіби бағдарын анықтау бойынша Қазақстандық және шетелдік тәжірибені талдау аталған бағытты жүзеге асырудың неғұрлым табысты формалары мен әдістерін анықтауымен, сонымен қатар қазақстандық білім алушылардың кәсіптік дайындығы жүйесінде тиімді пайдалану тұрғысынан қызықты болып табылады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі кәсіптік бағдар беру тәжірибесі жалпы білім беретін орта мектептердің оқушыларын еңбекке баулу және кәсіби бағдар беру мақсатында барлық жерлерде ашылған мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттарымен (ОӨК) кеңестер одағы кезеңінен белгілі. Өнеркәсіптік және ауыл шауашылығы кәсіпорындарының, мемлекеттік және кооперативтік ұйымдардың қатысуы, сонымен қатар қажетті материалдық-техникалық жағдаймен қамтамасыз етілуі міндетті шарт болып табылады. Қазақстанда 300-ге жуық оқу-өндірістік және мектепаралық комбинаттары болған [3].

Оқу-өндірістік және мектепаралық комбинаттарда білім алушылар тігінші, суретші-көркемдеуші, медбике, аспазшы, хатшы машинист, электрик, тас қалаушы, электронды есептеуіш машинасының (ЭЕМ) операторы, сатушы, жүргізуші, автослесарь, әрлеуші, жиһаз жинаушы тәрізді мамандықтар алды. Мектеп түлектері ересек өмірге аттанғанда қолдарында жұмыскер мамандығының куәлігі болды.

Білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтаудың жапондық жүйесінің кәсіптік сынамасы – негізінде кеңестік ОӨК ұқсастығы бар, қазіргі кезде әлемдегі ең танылған жүйе болып табылады.

80-ші жылдардың аяғы мен 90-шы жылдардың басында еліміздің барлық мектептерінде оқу-әдістемелік кабинеттер құрылды, олар мамандықтарға қатысты насихаттау жұмысын, оқушылармен және олардың ата-аналарымен топтық және жеке кеңестер жүргізді, пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсетті, бұл білім алушылардың кәсіптік бағдары бойынша жұмысты неғұрлым белсенді жүргізуге жағдай жасады.

КСРО ыдырағаннан кейін жастарға кәсіптік бағдар берудің өзектілігі төмендей бастады және ОӨК жүйесі де жоғалды. Алайда тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі экономиканың өсуі білікті еңбек ресурстарына сұранысты арттырды, бұл өз кезегінде республиканың білім беру жүйесін кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдастыру қажеттілігіне әкелді.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы кәсіби бағдар беру жұмысы дәстүрлі тәсілдер негізінде жүргізіледі және ол орта білім беру (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) жүйесіне енгізілген, бұнда барлық іс-әрекет баланың жас ерекшелігіне бағытталған, сонымен қатар бейін алды және бейінді оқытудың барлық деңгейлерін қамтиды.

Бастауыш білім беру (1-4-сыныптар). Бастауыш білім беру деңгейінде (1-4-сыныптар) кәсіптік бағдар беру жұмысы барысында бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері ескерілуі және ересектерге еліктеу мен жетістіктерге жету басты мақсат болуы тиіс. Сондықтан, бастауыш сынып білім алушыларының ата-аналарының, мұғалімдерінің, туыстарының, жақын таныстарының, яғни олар үшін маңызды адамдардың мамандықтарына көңіл аудару, білім берудің бастапқы деңгейіндегі кәсіптік бағдар беру жұмысының мақсаты болып табылады. Аталған жұмыс сабақ барысындағы іс-әрекеттер және сыныптан тыс жұмыстар арқылы жүзеге асырылады. Тақырыптық сайыстар, ойындар, викториналар, түрлі мамандық иелерімен кездесулер өткізу, тақырыптық сынып сағаттары және басқа да іс-шара түрлері бастауыш сынып білім алушыларымен жүргізілетін кәсіби бағдар беру жұмыстары болып табылады. Бұндай іс-шараларға ата-аналарды қатыстыру оның тиімділігін арттырады.

Негізгі орта білім беру деңгейі (5-9-сыныптар). Негізгі орта мектепте де кәсіби бағдар беру жұмысы білім алушылардың жас ерекшелігін ескере отырып және оқу процесі барысында оқу пәндері аясында, сонымен қатар еңбекке баулу, бейіналды дайындық (7-9-сыныптар), сыныптан тыс іс-шаралар жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл жас аралығында еңбек түрлеріне адамгершілік қарым-қатынас қалыптастыру, тұлғалық құндылықтар жүйесін анықтау жасөспірімдердің болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауында маңызды болып табылады. Сонымен қатар, жасөспірімдердің алдында оқуды мектепте жалғастырсам ба, әлде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде жалғастырсам ба деген таңдау мәселесі пайда болады.

Мектеп мұғалімдері мен психологтары тестілеу жұмыстарын жүргізеді, баланың мамандық икемділігін, физиологиялық ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын зерттейді, бұл жасөспірімге өзінің мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін білуге көмектеседі. Бұдан әрі еңбек қызметі салаларының түрлі мамандықтары бойынша психологиялық сипаттамалар (психограмма) мен мамандық сипаттамаларын (профессиограмма) зерделеудің көмегімен, балаларға оларды қызықтыратын мамандықтарға байланысты талаптардың ерекшеліктеріне көңіл аудару ұсынылады, бұл олардың болашақта аймақтың әлеуметтік жағдайына және еңбек нарығындағы талаптарға бейімделе отырып өзінің кәсіби өсуін ойдағыдай құруына жағдай жасайды. Бұның бәрі 5-9-сынып оқушыларының жоғары сыныптарда оқуы үшін негізделген бейінді оқуды таңдауына немесе білімін техникалық және кәсіптік білім беру ұйымында жалғастыруына көмектеседі. Орта білім берудің негізгі деңгейінде кәсіби бағдар беру жұмысын осындай тәсілмен ұйымдастыру және жүргізу жағдайында әр оқушы болашақ білім алуының бейінін саналы түрде таңдайды, өзінің мүмкіндіктері мен

қызығушылықтарына байланысты және еңбек нарығының сұраныстары мен ұсыныстарын ескере отырып білім алу бағытын жоспарлайды.

Жалпы орта білім беру (10-11-сыныптар). Жоғары сынып білім алушыларының (16-17 жас) бойында өмірлік құндылықтар мен мақсаттар, келешек жоспарлар, сонымен қатар болашақ мамандығы, білім деңгейінің өсуі туралы көзқарастары қалыптасатын кезең. Бейінді оқыту білім алушылардың ақыл-ой өрісін тәрбиелеуге ықпал ететін жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттардан тұрады. Жоғары мектепте оқытуды бейіндендіру мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерінің алдында пәндерді оқытуды кәсіптік бағдар берумен кіріктіру мақсатын қойып отыр. Бұл мектеп түлектерінің кәсіптің және өмірлік бағытын анықтауға көмектеседі.

Қазақстан Республикасының жекелеген аймақтарының (НЗМ ДББҰ, Қарағанда, Павлодар, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары) жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтау бойынша жүргізетін жұмыстарының талдауы келесі қызмет түрлерін айқындады:

- «Баланы жұмысқа ал», «10 күн ата-ананың кәсіпорнында» атты әлеуметтік жобалар (6-10-сыныптар), 9-сыныптың аяғында кәсіптік диагностиканың түрлерін қолдану, «Университетке маршрут» ақпараттық жүйесі аясында оқуға түсуге дайындықтың жеке маршруты әзірленуде (11-12-сыныптар), кәсіптік кеңесшілер, жоғары оқу орындарымен, НЗМ ДББҰ түлектерімен әлеуметтік серіктестік (НЗМ);

- кәсіптік бағдар берудің облыстық бағдарламасы, мектеп оқушыларының кәсіптік бағдары бойынша кеңес (сынып жетекшілері, әлеуметтік педагогтер, психологтар, пән мұғалімдері, кітапханашылар, медицина қызметкерлері, ата-аналар); жұмыс берушілермен, халықты жұмыспен қамтамасыз ету орталықтарымен, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарымен және жоғары оқу орындарымен өзара байланыс; кәсіптік бағдар беру кабинеттері 268 немесе 52%); кәсіптік сынамалар (каникул кезінде жылына 3 рет), 2015 жылдан бері Кәсіптік бағдар берушілер мектебі жұмыс істейді; «Бейіндеуді ерте бастау негізінде кәсіптік бағдар беру» жобасын енгізу (7 колледж, 30 мектеп); кәсіптік диагностиканың 3 кезеңі (1-7, 8-9, 9-11-сыныптар) (мектептердің 52%) (Қарағанды облысы);

- 8-11-сынып білім алушылары үшін «Мамандық таңдау» әлеуметтік жобасын орындауға арналған жыл сайынғы сайыс (кәсіби жәрменкелер, «Шеберлер қаласы» квест ойыны, кеңестер, кәсіптік бағдар беру кабинеттерінің фестивальдары) (Қостанай облысы);

- кәсіптік диагностика (7-11-сыныптар) (Павлодар облысы);

- жыл сайын 9-сыныптарда сауалнамалар өткізіледі, кәсіптік бағдар беру бойынша 46 орталықтар мен кабинеттер бар (СҚО).

Білім алушылардың кәсіптік бағдарын және өзін өзі анықтауы бойынша білім беру ұйымдары мен жекелеген мемлекеттік емес құрылымдарда жүргізіліп жатқан жұмыстардың оң нәтижелеріне қарамастан ҰБДҚ-ның деректері бойынша колледждердің 2018 жылғы түлектерінің 15% және 2017-

2018 оқу жылындағы 11-сынып бітірушілерінің 3% жұмыспен қамтылмаған (Шымкент қаласы бойынша 32 %, Түркістан облысы бойынша 7%).

Астана қаласы мектептерінің 9-сыныптарының 2408 білім алушысының кәсіптік бағдарының диагностикасы («Qazproftec» ЖШС) олардың мамандық таңдаудағы ынталарының, бұл ынталандыру-қажеттілік саласындағы жұмыстың төмендігін көрсетеді [4]. KASIPTEST (2018 ж.) өткізген кәсіптік диагностиканың нәтижелерінің талдауы бойынша Алматы қаласы мектептерінің 11-сынып білім алушыларының 75%-і (барлығы 7368) оқудың бейінді бағытын дұрыс таңдамаған [5].

Себептері – орта білім беру ұйымдарының білім алушыларының кәсіптік бағдарын анықтау мәселесі бойынша бірыңғай әдіснамалық жүйенің жоқтығы. Қазақстанның ұлттық экономикасын кадрлармен қамтамасыз ету проблемалары, еңбек нарығындағы сұраныспен жастардың мамандық таңдауының арасындағы сәйкессіздіктен туындап отыр.

Дүние жүзінің дамыған елдерінде білім алушылардың болашақ мамандығын және олардың кәсіптік бағытын өзіндік анықтауды ерте жастан бастауды қамтамасыз ету процесінің жоғары деңгейі қалыптасқан. Жекелеген елдердің білім алушыларының кәсіптік бағдарын анықтау және қолдау көрсету бойынша тәжірибелерін қарастырайық.

Ұлыбритания. Орта мектепте бейінді оқытудың бірнеше түрі бар, мысалы: грамматикалық, қазіргі заманғы, техникалық, біріктірілген. Бұнда кәсіби білім беруді 14 жастан бастайды. Мектептің түрін (бейінді оқытуды) таңдау бастауыш білім беру сатысын аяқтағаннан кейін жүргізіледі. Орта мектепте, оқушының одан әрі тұлғалық дамуынан бөлек, олардың мамандықтың бір немесе басқа түрі бойынша тәжірибе жинақтауына көп мән беріледі. Оқу процесіне оқытудың белсенді түрлері мен әдістерін қолдану арқылы жүргізілетін еліктеме (имитациялық) бағдарламалар енгізіледі. Оқу процесіне кәсіптік бағыт беруге арналған «Өтпелі бағдарламалар» атты іс-шаралардың құрамдастырылған нұсқалары әзірленген және енгізілген. Мектеп оқушыларына нақты мамандық бойынша біліктілік алмастан өздерін бірнеше мамандықта байқап көруге мүмкіндік беріледі [6].

Еңбек тәжірибесі британдық орта мектептің оқу процесінің міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. Ағылшын мектептері жанындағы шағын кәсіпорындар тәжірибесіне ерекше көңіл аудару қажет. Жұмысқа орналастыру мен кәсіптік бағыт беруді қоса атқару – британдық кәсіптік бағдар берудің ерекшелігі болып табылады.

1973 жылы оқушылар үшін кәсіптік бағдар беру қызметтері туралы арнайы заң шықты, заңда олардың білім алудың барлық сатыларында кәсіптік бағдарын сүйемелдеудің және кәсіптік бағдар жұмысын әр мектепте ғана емес, сонымен қатар колледждер мен жоғары оқу орындарында да ұйымдастырудың қажеттілігі көрсетілген.

Ұлыбританияда еңбек ресурстары бойынша Комиссия жұмыс істейді, оның қарамағына жастардың кәсіптік өсуі (мансабы) қызметі және кәсіптік өсу (мансап) бойынша ұлттық кеңес беру кеңесі кіреді. Ұлыбританияда

оқушылардың кәсіби бағдары бойынша практикалық жұмысты Кәсіби мансап қызметінің қызметкерлері – кәсіптік кеңес берушілер мен мұғалімдер жүргізеді. Британияда оқу мерзімі 12 жылға созылады және әр жас сатысында кәсіби кеңесшілер жұмыс істеулері тиіс.

Мектептің жоғары сыныптарында кәсіптік кеңесшінің құрастыратын кәсіптік бағдар және кәсіптік кеңес бойынша жеке құжаттама мамандық таңдау ұсыныстары үшін негіздеме болып табылады.

Франция. Франциядағы кәсіптік бағдар қатаң заңнамалық реттеумен сипатталады. Білім туралы Заң бастауыш мектептің бірінші сыныптарынан бастап оқушылардың қабілеттілік бағытын бағалауды және міндетті білім алу мерзімі бойында кәсіби іріктеу жұмысын жүйелі жүргізуді талап етеді. Онда кәсіподақтармен және еңбек биржаларымен серіктестікте жұмыс істейтін, мамандандырылған кәсіби бағдар орталықтары желісі кең тараған. Мектептен тыс кәсіптік бағыт түрлі деңгейдегі (мемлекеттік, академиялық, департаменттік және жергілікті) арнайы қызмет желістерінің іс-әрекеттері арқылы көрінеді, олар Францияның орта білім беруінің педагогикалық бес кезеңінде (бақылау және бейімделу, орталық, бағдарлану, анықтау, аяқтау) білім, еңбек және денсаулық сақтау министрліктерімен үйлестіріледі [7].

1996 жылдан бастап Францияның Білім министрлігі педагогикалық қызметтің екі саласын: мамандықтармен және оларды меңгеру жолдарымен таныстыру және оқушылардың өзін-өзі, өз қажеттіліктерін, икемділіктерін, бейімділіктерін, қызығушылықтарын, мүмкіндіктерін тануын қамтитын, «бағдарлануды тәрбиелеу» тұжырымдамасын енгізе бастады.

Әсіресе ерте кезеңдерде (I-IV-сыныптарда, яғни 11-13 жас аралығында) әр оқушының тұлғалық ерекшелігін жан-жақты зерттеуге, оның бойындағы басым қызығушылықтар мен бейімділіктерді анықтауға көп көңіл аударылады. Бақылаулар мен тестілеудің нәтижесінде алынған деректер оқушының жеке құжаттамасында толтырылады, құжатта бала туралы көп ақпарат сақталады, олар келесі оқу орнына түсерде міндетті түрде ұсынылуы тиіс. Құжаттаманы сынып кеңесінің құрамына кіретін мұғалімдердің бірі (сынып жетекшісі), мектеп психологымен, ақпарат және кәсіптік бағдар беру орталығының кеңесшісімен бірлесіп толтырады. Сынып кеңесі кәсіптік бағдар беру жұмысы мақсатында құрылады, оның негізгі бағыты мектептегі тәуелсіз қызметкер – ақпарат және кәсіптік бағдар беру орталығының кеңесшісінің көмегімен жүзеге асырылады. Елде 500-ден аса бұндай орталықтар бар.

Францияда отбасымен байланыс орнату және сақтау кәсіби бағдарлау жұмысы аясында кеңесшілердің де, мектеп психологтарының да, сынып жетекшілерінің де қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

АҚШ. Білім беру жүйесі жұмыстарының негізгі қағидаттары АҚШ Конституциясында бекітілген. Заңға сәйкес кәсіби кеңес мектеп білімінің ажырамас бөлігі болуы тиіс. АҚШ-да Д.Сьюпердің тұжырымдамасы негізінде кәсіби жетекшілік және кәсіби кеңес туралы мектеп қызметі Ережелері әзірленген. АҚШ-ның мектептерінде кәсіби кеңес баланың мектептегі барлық

оқу жылдарының барысында жүргізіледі. 1981 жылы бастауыш мектепте кәсіби кеңес беру туралы заң қабылданды [8].

Бұнда орталықсыздандырудың жоғары дәрежесінің тұтас жүйелі үлгісі қалыптасқан, яғни АҚШ-ның әр штаты жастардың кәсіби бағдарын анықтауды аймақтың еңбек нарығына сәйкес өз беттерінше жүргізеді, алайда бұндай іс-әрекет мемлекеттің орталықтан реттеуінің жалпы негізіне ие.

Жастардың кәсіби бағдарын анықтау қызметін Кәсіптік өсуді дамытудың ұлттық ассоциациясы жүзеге асырады. Кәсіби іс-әрекет стандарттарын әзірлеу, кәсіби кеңесшілер қызметінің принциптерін анықтау, қызметтің кез-келген саласын реттейтін әдістемелік және ақпараттық материалдар мен заң жобаларына сараптама жасау оның құзырына жатады.

Жастардың кәсіби бағытын анықтаудағы басты рөл жекелеген штаттар деңгейіндегі жұмыспен қамту қызметтеріне берілген. Жастар арасындағы практикалық жұмысты психолог, әлеуметтанушы немесе оқытушы білімі бар кәсіби кеңесшілер жүргізеді. Бұндай қызметтер ерте балалық шағынан бастап әр балаға жеке құжаттама жүргізіп бастайды. Бұнда ата-анасы және туыстары, әлеуметтік жағдайы, тестердің нәтижелері, мектептегі жетістіктері, қызығушылықтары мен әуестіктері туралы деректер кіргізіледі. Әр балаға арналған жеке кәсіби бағдар дайындығы қолданылады. Жасөспірімдер демалыс кездерінде түрлі мамандықтарда жұмыс істеп, өз күштерін сынау мүмкіндігіне ие болады. Бұл бағдарламаның жас мөлшері диапазоны 13-19 жас аралығында. Кәсіби кеңесшілер бұл уақыт аралығында кәсіпорындарға экскурсиялар ұйымдастырады, ал түрлі кәсіп өкілдері мамандық түрлерімен таныстыру мақсатында өздері әрдайым оқу орындарына барып отырады. Жұмысқа орналастыру бойынша агенттіктердің қарамағында штаттардағы бос жұмыс орындары туралы ақпараттарды сақтайтын электрондық банктер бар. Бұл ақпараттар басылады және кәсіби кеңесшілерге жіберіледі.

Мектептерде әр оқушы туралы мәліметтер жинау жұмысын мектептік арнайы кеңестік қызметі, сонымен қатар ол жеке сұхбаттар да жүргізеді, мектеп түлектерінің жұмысқа орналасуына көмектеседі және олардың кәсіби болашағын бақылайды. Мектепті аяқтауға жақындағанда, әр оқушының жеке портфолиосы болады, ол соңынан жұмыспен қамтамасыз ету қызметіне ұсынылады.

Кеңесші оқушыларды мамандықтар әлемімен және оларды алу жолдарымен таныстырады, оларға мамандықтың мазмұны және мамандарға қойылатын талаптар туралы нақты ақпарат табуға көмектеседі. Мектептің оқу-тәрбие процесінде ол мектептің кәсіби бағдар беру бойынша мұғалімдерінің жұмысын үйлестіреді, сонымен қатар ата-аналарға олардың балаларының қызығушылығы мен икемдерін дамыту бойынша көмек көрсетеді. Кәсіби кеңесші әр оқушыға жеке құжаттама жүргізеді. Деректер жинау барысында ол мектеп оқушыларының педагогтары мен ата-аналарының көмегіне сүйенеді.

Оқушылармен жүргізілетін кәсіби бағдар беру жұмысы мектеп қызметімен ғана шектелмейді. АҚШ жастарға кәсіптік бағдар беру мен жұмысқа орналастыруды ұйымдастыру нұсқасы өзінің көптармақтылығымен

ерекшеленеді. Американдық білім беру жүйесіне енгізілген Career Development («кәсіби өсуді (мансапты) дамыту») курсы 5 жастан 14 жас аралығында жүргізіледі, мамандықтармен және білім берудің мүмкіндіктерімен таныстыруға, кәсіби өсуді жоспарлауға бағытталған. Ал қолданыстағы «School-to-Work» құжаты білім беру жүйесінің мамандарын: мектеп оқушыларын еңбек нарығы жағдайындағы тиімді мінез-құлыққа үйретуге; білім беру мекемелері мен кәсіпорындардың арасындағы байланысқа (оқушылардың кәсіпорындар мен жұмыс орындарына баруы, жұмыс тәжірибесін алуы); әсіресе жастардың арасындағы жалпы жұмыссыздықты қысқартуға; болашақ жұмыс орнын алдын-ала таңдауға бағыттайды.

Мектептегі соңғы екі (11-12-сыныптар) оқу жылында колледж бағдарламасы бойынша академиялық сабақтарды тереңдету – оқуды жалғастыру немесе жұмысқа орналасу жолын таңдаудағы мектеп оқушыларын дайындаудың келесі нұсқасы болып табылады. Бұндай дайындық түлектердің оқуға түсу емтиханынсыз білімдерін жалғастыруларына мүмкіндік береді.

1998 жылы АҚШ-да мамандықтар туралы деректердің жаңа ақпараттық (O*NET) жүйелік базасы құрылды. «Career Zone» бағдарламасы O*NET жүйелік деректер базасынан мамандықтардың балаларға түсінікті сипаттамаларын ұсынады.

Германия. Кәсіптік ағарту 1969 жылы бекітілген. ГФР жұмыс орындарына жәрдемдесу туралы Заңы (AFG), жалпы білім беретін және кәсіптік қызметтердің, сонымен қатар кәсіптік-техникалық білім берумен, жұмыс берушілермен және жұмысшылармен, әлеуметтік, жастар және медициналық көмек көрсету ұйымдарымен байланысты міндетті түрде бірлесіп жұмыс істеуіне негізделген. Осы қызметтердің бәрімен бірге келісімге қол қойылған, олар қазіргі кезге дейін мамандық бойынша кеңес қызметіне қатысудың негізгі базасын және шарттарын құрайды. XX ғасырдың 60-жылдарының басында мамандықтың мәнін неғұрлым тереңірек негіздеу барысында мектептердің оқу жоспарына куррикулярлық мазмұнды енгізудің тәжірибелік маңыздылығы алға қойылды [9].

Германияның негізгі мектебіндегі еңбектануға үйрету сатылы құрылымнан тұрады. Оқушыларды жұмыс процесін жоспарлауға, еңбекке қажетті материалдарды іріктеуге, олардың құнын есептеуге, өнімнің сапасын анықтауға оқыту бірінші сатыдағы (7-сынып) «Еңбектану» пәнінің негізгі мақсаты болып табылады. Екінші сатыда (8-сынып) оқушылар дайын өнімдерге қойылатын елде бекітілген сапа нормаларымен, баға белгілеу, еңбекті ұйымдастырудың мақсатқа сәйкес әдістерімен танысады. Оқытудың үшінші сатысы (9-сынып) елдегі нарықты талдаумен байланысты, бұл сатының негізгі мақсаты оқушыларға өз қабілеттерін әр түрлі мамандықтардың талаптарымен өздіктерінен салыстыру мүмкіндігін беруде болып табылады.

Германияда 8-сыныптағы оқу жылының екінші жартысында немесе 9-сыныптың 1-тоқсанында өндірістік іс-тәжірибе жүргізіледі. Өндіріс орындарындағы іс-тәжірибе ұзақтығы үш-төрт аптаға созылатын оқу блоктары түрінде ұйымдастырылады. Негізгі мектептерде іс-тәжірибе үш кезеңнен

тұрады. Бірінші кезең іс-тәжірибеден өтуді жоспарлаудан, уақыт шектерін белгілеуден және оны өткізуге арналған өнеркәсіпті таңдаудан басталады. Олар өнеркәсіптік, қолөнерлік, сауда-саттықтық, ауыл шаруашылық, көлік және басқа салалардың кәсіпорындары болуы мүмкін. Іс-тәжірибеден өтудің екінші кезеңінде мұғалім-тәлімгер оқушылардың жұмыс орындарына барады, өнеркәсіптегі практикаға жауапты тұлғамен байланыс орнатады, құжаттарды толтырып және ата-аналармен хат жазысып отырады, іс-тәжірибе аяқталғаннан кейін жазбаша есеп жасайды. Іс-тәжірибенің үшінші кезеңінде қорытынды жасау және нәтижелерді бағалау жұмысы жүргізіледі. Іс-тәжірибенің нәтижелерін бағалау ата-аналардың, кәсіпорын өкілдерінің және басқа адамдардың қатысуымен «Кәсіпорынның кештері» тәрізді іс-шаралар түрінде жүзеге асырылады. Кешке дайындалу өнеркәсіптік іс-тәжірибе туралы бейне түсірілімдерді, оқушылар дайындаған бұйымдарының эскиздерін, практиканы өту барысында жинақталған папканы ұсыну міндетті болып табылады [6].

Бұдан басқа, «Еңбектану» пәні шеңберінде (7, 8-сыныптар) мынадай курстардан өту ұсынылады: «Еңбекті ұйымдастыру», «Техникалық сызу», «Тұтынушыларға арналған ақпараттар», «Ақша, қаржыландыру түрлері».

Сонымен, «Еңбектану» оқу бағдарламасында көрсетілген арнайы оқу курстары оқушыларға оқыту барысында теориялық және практикалық білімдерді ұштастыруға мүмкіндік береді.

Германиядағы оқушылардың өзіндік кәсіптік анықталу саласындағы аса қызықты жай – мектептерде шағын өнеркәсіп орындары құрылады, оларда оқушылардың өздері тауар шығаратын немесе қызмет көрсететін компаниялар немесе кооперативтер құрады, оларда маркетингтік іс-қимылдың барлық түрлері, белгілі бір уақыт аралығында шығарылған өнімдердің сатылуы және қызметтер іске асырылады, одан кейін олардың өздері жойылып кетеді. Мұндай жобалардың мақсаты – жас адамдарды өздерінің шешім қабылдауына үйрету мүмкіндігін жасау, өзінің іс-қимылын басқару бойынша жауапкершілікті мойнына алу, өзінің нақты жұмысты алып жүру мүмкіндігін сезіну және шағын бизнесте өзінің кәсіпкерлік дағдыларын қалыптастыру болып табылады. NEBS (Network Equipment Building Systems – желілік құрылғыларды құру жүйесі) жобасына Берлиннің 47 арнайы педагогикалық орталықтары (250 фирма, 2000 оқушы) қатысады. Бұл өндірістегі оқушылардың негізгі міндеттері – дербес мектеп фирмаларында жұмыс істей жүріп, өмірдегі еңбекке дайындала жүріп (250 фирма), оқуларын жалғастыру.

Бұл педагогикалық жоба тек фирманың өндірістік жағдайын модельдейді, ол нақты ұйым болып табылмайды.

Жалпы алғанда, мектептегі өздігінен кәсіп таңдауда өндіріске вариативтік экскурсия жасаудың маңызын айтуға болады. Біздің ойымызша, өндіріс орындарына экскурсия оң нәтижеге бір ғана жағдайда – оны мақсатты ұйымдастырып, оған ұқыпты дайындалғанда ғана жетуге болады.

Ондай фирмалар, әдетте, мектеп ғимаратына орналасады және нағыз экономикалық процессті – өндіріс өнімін шығаруды және сатуды, қызмет көрсетуді, қаржы және тауар ағындарын басқаруды көрсетеді. Жас балалар

әртүрлі рольдерде командада жұмыс істей алу, жеке жауапкершілік, тәуелсіздік сияқты қабілеттерін және біліктіліктерін дамытады. Нарық экономикасының құралдары арқылы балалар кәсіпкерлер сияқты ойланып, іс-қимылдар жасауға үйренеді. Бұл жобада жекетұлғалық қабілеттер де, қоршаған ортамен қарым-қатынасы да (өндірістуралы ақпараттар беріледі, өндірістік практика өтіледі) дамытылады. Мұғалім бұл жағдайда модератор қызметін атқарады. Оқушылар бизнес-процесспен іштей танысып, біледі, меңгерілген дағдыларды келесі оқыту бағдарламалары арқылы өзіндік дамытуға мүмкіндіктері мол. Кәсіптік бейімделу интегративтік іскерлік ойын түрінде осындай нақты өндіріс процессінің моделі арқылы іске асырылады.

Экскурсияға дайындық, оны жүргізу және талқылау барысында оқушылар хаттама, ауызша және жазбаша есептер жүргізеді. Мұғалімнің жетекшілігімен экскурсияны талқылау барысында оқушылар кәсіптер және кәсіптік қызметтер туралы өздерінің есептерін дайындайды. Жеке және топтық талқылау оқушылардың зейінін экскурсия барысында танысқан еңбек түрлері тарапынан адамдарға қойылатын талаптарға аударады

ГФР да жекеменшік жұмыспен қамту агенттіктеріне заңмен тиым салынған. Мектептерге қолданыстағы заңға сәйкес түлектерді еңбекпен қамтуға да тиым салынған.

Тұрғындарды еңбекпен қамту – Федералдық жұмыспен қамту институтының және оның жергілікті агенттіктері мен мекемелерінің монополиялық қызметі.

Кәсіптік бағдар беру мен еңбекпен қамту қызметін бірыңғай мемлекеттік органның құзырына біріктіру Германиядағы кәсіптік бағдар беру жұмысын «ауыспалы кезеңдегі қызмет» кешенді жүйесімен жақындастырады.

Еңбекпен қамту институты мен мектептердің қызметін үйлестіру мақсатында Білім министрлігі мен Еңбекпен қамту институтының өкілдерінен тұратын Федералдық байланыс комиссиясы оқушылардың кәсіптік бағдар беру мен еңбекпен қамту мәселелерінде үнемі жұмыс жасайды. Мұндай комиссиялар федералды мемлекеттік деңгейінде жұмыс істейді.

Германияның кәсіптік бағдар беру мен еңбекпен қамту жұмыстарында өзге елдерден айырмашылығы кәсіби кеңес пен кәсіби ұсыныс беруінде.

Әрбір оқушының жұмыс дәптерлеріне отбасы, жеке қызығушылықтары, өзіндік кәсіптік анықталуы, бейімділігі, болашақ мамандығы, үлгерімі, тест нәтижелері туралы ақпарат жазылады. Дәптер кәсіби кеңес беруде негізгі құрал болып табылады.

Жапония. Жапонияда кәсіптік бағдар беруді мемлекеттік еңбекпен қамту қызметі (МЕҚҚ) жүзеге асырады. Мемлекеттік мектептер оқушыларды жетінші сыныптан бастап тоғызыншы сыныпқа дейін барлық мамандықтармен таныстырады. Топтық курстарды МЕҚҚ қызметкерлері өткізеді және тестілеу ұйымдастырылады.

Жапонияда мектеп психологы деген болмайды. Мектепте істейтін мұғалімдердің жартысы кәсіби кеңес беру қызметін меңгерген. Олардың міндеті – мектеп директорының басшылығы МЕҚҚ қызметкерлері кәсіби

бағдар беру бойынша практикалық сабақтарды өткізу. Мектептер мен ЖОО басшылығы мен қызметкерлері МЕҚҚ қызметкерлерінің жұмысы туралы үнемі хабардар етіп отырады [10].

Жапониядағы МЕҚҚ-ның басты міндеті білім беру жүйесінің барлық бөлімшелеріне ақпараттық қолдау көрсету, оқу жылының басында еңбекке сұраныс бойынша болжам жасау, білім беру жүйесімен бірлесіп, еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс бойынша оқытушылар мен кәсіби кеңесшілерге арналған оқу бағдарламаларын әзірлеу. Бүкіл Жапонияда жұмысшылардың екі санатына: IT-мамандары мен ағылшын тілі мұғалімдеріне деген үлкен сұраныс бар. Сондай-ақ банк қызметкерлері мен қаржыгерлері де жоғары сұранысқа ие.

Кәсіптік бейімделу жүйесі оқу процессіне кіріктірілген, ол орта мектептің оқу бағдарламаларының негізін қалайды және екі негізгі принциптерге: өзіндік талдау қабілетіне және кәсіптерді талдай білу қабілетіне сүйенеді.

Жапонияда кәсіптік бағдар беру бастауыш мектепте басталады, ол бала білімінен басталады. Біріншіден, балаларға көрнекі материалдарды қолданып, түрлі мамандықтар туралы айтылады. Кәсіптік бағдар берудің бірінші кезеңі кәсіптік қызметпен танысу. Олар балалар энциклопедиясындағы әңгімелерді, түрлі мақалаларды оқып, олардың кәсіби қызметі туралы деректі фильмдермен танысады. Ал орта мектепте кәсіби тестілеу сатысы жүреді. Фукуяманың инновациялық методикасы осы болып табылады.

Жыл сайын 7-9-сынып оқушылары 16 түрлі кәсіби салалардан: технология, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, білім беру, ғылым, бизнес, медицина үлгілеріне қатысады.

«Кәсіби сынақтар» нақты өндіріске барынша жақындатылған арнайы өндірістік шеберханаларда өткізіледі. Нәтижесінде олар әртүрлі кәсіптік салаларда өзін-өзі сынап көру мүмкіндігіне ие болады, екі-үш жылда шамамен елу мамандық бойынша жұмыс істеуге тырысады. Бұл қызмет бағыттары нақты еңбек нарығымен байланысты және әртүрлі жұмыстармен айналысады – технакмен, табиғатпен, қоғаммен, көркем суретпен немесе белгі жүйесімен өзара байланысы бар мамандықтар.

С.Фукуяманың ойынша, 13-14 жас кәсіпті саналы таңдауға дайындық үшін ең қолайлы жас болып саналады. Мектепте оқу барысында оқушылар бір мезгілде практикалық еңбек тәжірибесін меңгереді, кәсіптік қызметке өзінің мүмкіндігін және қызығушылығын сезінеді. Жапонияда оқушылардың кәсіптік бейімделуі мансапқа дайындық, кәсіптер туралы білім алу, кәсіптік дағдыларды дамыту және өзінің бейімділігіне, сапасына және қызығушылығына сәйкес курстарды таңдау мақсатында жүргізіледі. Бұл жерде жасөспірімдердің кәсіпті таңдауға дайындығын анықтау үшін С.Фукуяма дайындаған тестілерді қолдану өзекті болып табылады. Автор кәсіпті таңдауда үш фактордың маңызын атап көрсетеді: кәсіптік сынақтар (таңдалған іс-қимылдың оқушының қабілетіне және білігіне сәйкестігі), өзіндік талдау (оқушының өзіндік бағалауына уақтылы өзгерістер енгізу үшін бақылаумен және сараптамалық бағалаумен бірігіп өткізіледі), кәсіптерді талдау (оқушының әртүрлі сабақтарын зерделеу).

Тестілеумен қатар, оқушылар таңдау бойынша әртүрлі іс-қимыл түрлеріне қатысады: табиғатпен, техникамен, белгілі жүйелермен, көркем бейнелермен, атақты адамдармен қарым-қатынас. Үш жыл бойы оқушылардың 48 кәсіптік сынағалар алуға мүмкіндіктері бар, олар F-тестіде белгіленеді және оқушылардың кәсіпті таңдап алуға өзінің дайындығын анықтауға мүмкіндік береді.

Мектепті аяқтаған кезде жапон оқушысы табиғи бейімділікке негізделген мамандықты таңдағанына сенімді болады. Мемлекет мектептерде кәсіптік бағдар беру бағдарламаларын белсенді қолдайды, тағылымдамадан және тәжірибеден өтудің ақысын төлейді және жаңа бағдарлама нұсқаларын ашудың бастамашысы болып табылады. Жұмыс берушілер барлық кәсіби сынақтардан сәтті өткен және саналы түрде бір немесе бірнеше мамандықты таңдаған оқушыларға іріктеу кезінде белгілі бір артықшылықтар береді.

Кәсіпорындар мен компаниялар қызметкерлері тестілеуді ұйымдастыруға және өткізуге белсене қатысады. Олар өз кәсіпорнының жұмыс қағидалары туралы айтады, таңдауға көмектеседі, мамандықты игеруде тәлімгер болып табылады. Кәсіби сынақтар аяқталғаннан кейін нәтижелер қорытындыланады және талданады. Сатып алынған дағдылардың әрқайсысы бес баллдық шкала бойынша бағаланады, оқушыларды белгілі бір салада оқуын жалғастыру туралы ұсынымдар мен кеңестер беріледі.

Сонымен қатар, оқушылар кешкі мектепте қосымша курстардан өтеді, олар да «шеберлік мектебі» деп аталады. Оқу-үйрену аптасына 2-3 рет ақылы негізде жүргізіледі.

Финляндия. Финляндияда кәсіптік орта білім жүйесі жоғары білім жүйесімен салыстырғанда көп сұранысқа ие және танымал болып табылады, оның бірнеше себептері бар. Финляндияда кәсіптік бейімделу курстары жетінші сыныптан басталады, олар еңбек өміріне кіріспеден (1-3 апта) басталады, оның барысында оқушылар нақты өндіріс жағдайында жұмыс істейді. Сегізінші сыныпта мансапты құру мәселелері қарастырылады, ал тоғызыншы сыныпта кәсіпті таңдауға өндіріс орындарының кадр қызметкерлері және қызметке қабылдау қызметі араласады. Тоғызыншы сыныпты аяқтағаннан кейін оқушы кәсіптік жолын таңдауы тиіс, егер қажет болған жағдайда оған өзіндік кәсіптік анықталуы үшін тағы да бір жыл уақыт беріледі. Маман-консультанттар оқушыға дұрыс таңдау жүргізуіне көмектеседі. Осы кезең барысында ол оқушымен кәсіпкер консультанттар белсенді жұмыс жасайды және оқушының мамандықты (кәсіпті) дұрыс таңдауына (талабына, мүмкіндігіне, мемлекетке қажетті кадрларға сұранысты ескере отырып) қол жеткізеді. Еңбек жолын дұрыс таңдағаннан кейін фин мектептерін бітірушілерге жеті кәсіптік оқу орындарына құжаттарын тапсыру үшін өтініш беруге құқық беріледі [11].

Мектептің кеңесшілері көбінесе университеттік білімі бар адамдарды алады, өйткені оларға үлкен жауапкершілік артылады. Біріншіден, балалардың барлығы өздеріне не қажет екенін білмейді, екіншіден, әркім өзінің мүмкіндіктерін лайықты бағаламайды, ал үшіншіден, түлектердің қалауына

басқа, мемлекеттің кадрларға деген жеке сұранысы және бар. Қиындықтарға қарамастан, кеңесшілер әрбір тоғызыншы сынып оқушысының кәсіптандауына қол жеткізе білуі керек.

Кәсіби бағдар берудің жалпы нәтижесі қандай? Жоғары кәсіптік білім алуды финндердің жастарының 45 пайызы таңдады, орташа – 47 пайызы, оныншы сыныпқа 2 пайызы, ал 6 пайызы ештеңе таңдамайды.

Финдер оқушылардың жұмыс мамандықтарын таңдауына қызықтыру үшін Интернет желісі бойынша жастарға ақпараттар таратылады, онда барлық сұрақтарға жауап беріледі, қажеттіліктері және еңбек ақыларының жоғары екендігі бойынша деректер бере отырып, жұмыс кәсіптерінің престижін көтереді. Таңдауға мүмкіндік жоқ жағдайда, оқушы белгілі бір уақыт аралығында жай жұмысқа (терезені бояу, көшені сыпыру) орналастырылады. Оның мақсаты елдің бүкіл еңбекке жарамды халқы қатысып жатқан еңбек процессіне деген қатысушылықты және жауапкершілікті сезіндіру болып табылады.

Бұндай «тәжірибе» тұлғаның қалыптасуына, оның кәсіптік өзіндік анықталуына оң әсерін тигізеді, сонымен қатар тұлғаның қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуге мүмкіндік береді.

Австралия. Австралиялық білім беру нарығының ерекшелігі оны біріктіру болып табылады. Бұл сізге әртүрлі курстарды қосымша емтихансыз бір-бірінен ауысып оқуға мүмкіндік береді.

Елдің билік органдары үшінші сыныпта кәсіптік бағдар беруді бастауға мүмкін және қажет деп санайды. Австралиядағы көптеген мектептерде оқушыларға әртүрлі мамандықтармен және жұмысқа орналасумен танысуға бағытталған «Нағыз ойын» рөлдік ойынына қатысуға ұсынылады. Бала есейген сайын соғұрлым ол күрделі болады. Мысалы, ойын барысында бітірушілер белгілі бір мамандықты таңдап, мектепті бітіргеннен кейін, 5 жылдан кейін мансап сатысында алғашқы қадамдарын қалай бастау керектігін үйренеді. Балаларға көмектесетін басқа да көптеген әдістер бар: әртүрлі мамандықтар, университеттік бағдарламалар және т.б. сипатталған арнайы кітаптар. Тіпті мектептерде арнайы мамандар бар. Оқушыларға өздерін қызықтыратын белгілі бір салада маңызды таныстыруды қалай жүргізуге болады және жұмысқа өтініш берген кезде сұхбаттасуға қалай дайындалуға болады. Кәсіптік бағдар беру кезінде балалар белгілі бір мамандықты таңдауға ұмтылады – әдетте қазіргі кезде мамандардың жетіспеушілігі байқалады [12].

Ресей. Ресей Федерациясында жастарға кәсіптік бағдар беру жұмыстары соңғы жылдары ғана өзектілігін арттырды. Қазіргі уақытта кәсіптік бағдар беру мәселелерін анықтайтын бірқатар халықаралық-құқықтық актілерге қол қойылды, ал кейбір жағдайларда ратификацияланған.

Бұл – Еуропалық әлеуметтік хартия және Бала құқықтары туралы конвенция. 1991 жылғы 19 сәуірдегі Ресей Федерациясының «Ресей Федерациясында Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңы кәсіби бағдар беруді мемлекеттік жұмыспен қамтуды қолдаудың бір бөлігі ретінде анықтайды.

Қазіргі ресейлік білім беру жүйесінде кәсіптік бағдар беру әлі күнге дейін қалыптасу үстінде. Оған зерттеу уақыты іс жүзінде бөлінбейді, дегенмен кеңестік жүйедегі кәсіптік бағдарлау жүйесінде практикалық аспект бірінші кезекте тұрды. Мектептерде әр түрлі мамандықтар бойынша тақырыптық пікірталастар өткізіледі. Практикалық жұмыс барысында кәсіпорындарға экскурсия ұйымдастырылады, онда жұмыс процесі тікелей көрсетіледі. Кәсіпорындарда тренингтер мен мастер-кластар жиі өткізіледі. Барысында оқушыларға жұмыс процесі туралы ғана емес, сонымен қатар презентациялар түрінде өндірістің әртүрлі кезеңдері көрсетіледі.

Кәсіптік бағдар берудің қажеттілігі негізгі жалпы білім берудің федералдық мемлекеттік білім бері стандартында туралы айтылған, яғни: мектеп оқушылары мамандықтар әлемінде бағыт таба алулары тиіс, елдің және қоғамның тұрақты дамуы мүддесінде кәсіптік қызметтің маңыздылығын түсінуі тиіс делінген. Стандарт келесідей міндет қояды – білім берудің негізгі бағдарламасын меңгеру барысында кәсіптік бағдар саласында оқушылардың мамандықты саналы таңдауына дайындығын және қабілеттілігін қалыптастыру, мамандықтар әлемін, еңбек нарығын түсінуді, кез-келген еңбек түріне құрмет көрсетуді тәрбиелеу арқылы болашақ білім алудың жеке траекториясын құру [13].

Санкт-Петербургтың жастарға кәсіптік бағдар беру және халыққа психологиялық қолдау көрсетудің мемлекеттік орталығы Ресейдегі кәсіптік бағдар берудің бірінші орталығы, сонымен қатар қаладағы халыққа психологиялық қолдау көрсету мен жастарға кәсіптік бағдар беретін жалғыз орталық болып табылады. Орталық мамандарының қатысуымен: мектепаралық оқу комбинаттарында еңбекке оқыту топтарын іріктеу; мектеп оқушыларына жеке және топтық кәсіптік кеңес беру; халыққа психологиялық қолдау көрсету бағдарламалары әзірленген. Сонымен қатар, Орталықта жасөспірімдер мен ересек адамдарға арналған баяндамалық курстар оқылады, топтық сабақтар, тренингтер мен кәсіптік бағдар беруге бағытталған ойындар өткізіледі. Орталық мектеп бітірушілердің мамандыққа байланысты жоспарларын, мектеп оқушыларының арасында мамандықтар рейтингін, еңбек іс-әрекеті саласындағы жастардың құндылық бағыттарын, жас мамандардың еңбек нарығын анықтау мақсатында зерттеушілік іс-әрекетімен де айналысады.

Москвадағы «Гуманитарлық технологиялар» тестілеу және дамыту орталығы, осы орталықтың мамандары әзірлеген бағдарламалар бойынша кәсіптік кеңестер мен тренингтер өткізеді.

Иркутск қаласының Жастардың кадрлық орталығының мамандары жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі кәсіби анықтауы бойынша кәсіптік бағдар беру бағдарламасын әзірлеген, жастардың өзін-өзі кәсіби анықтауының түрлі кезеңдерінде жүргізілетін кәсіптік бағдар жұмысының моделі құрылған.

Томск қаласында жастардың кәсіптік бағдарын анықтау, бағыт беру жұмысымен «Кәсіби өсуді жоспарлау» қосымша білім беру орталығы айналысады. Орталық өзінің іс-әрекетін келесі бағыттарда жүргізеді:

әлеуметтік-психологиялық, суретші-эстетикалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетанушылық, техникалық шығармашылық.

Новокузнецк қаласының:

- «Кәсіптік бағдар» бағдарламасын әзірленген халықты жұмыспен қамту орталығында;

- психологиялық-педагогикалық көмек көрсету орталығында;

мектеп түлектерін жұмыспен қамту және кәсіптік бағдар беру «Карьера» кәсіптік-әдістемелік аймақтық оқу орталығында мамандық таңдау бойынша білікті кеңестер алуға болады [14].

Белоруссия. Минскіде Республикалық жастарға кәсіптік бағдар беру орталығы жұмыс істейді (бұдан әрі - РЖКБО), әр орта мектептің оқушыларына мамандықтар туралы ақпарат беру, білім беру мекемелеріне қабылдау шарттары, кәсіптік маңызды қасиеттер, диагностикалау, кәсіби дағдылар, қабілеттер (жетім балалар мен мүгедек балалар үшін тегін), ал мектеп мұғалімдері ақпараттық-анықтамалық материалдар әзірлейді [15].

Жоғарыда айтылғандар негізінен дамыған елдерде кәсіптік бағдарлауға үлкен назар аударылатынын тұжырымдауға болады. Мамандықты таңдауға көмектесу қатарында өздігінен қалыптасу, еңбек нарығының контекстінде өзін бағалай білу, кәсіби бәсекеге қабілеттілік пен ұтқырлыққа ұмтылу басымдық болып табылады.

Батыс мамандарының арасында кәсіптік бағдарлау мен жұмысқа орналасу бірыңғай кешеннің ажырамас бөліктері ретінде қарастырылады. Оның көмегімен кәсіптік ақпарат, кәсіптік кеңестер және кеңес беру, кәсіптік іріктеу және кәсіптік таңдау, жұмысқа орналасу және жұмысқа бейімделу шараларын қамтиды. Жалпы айтқанда «өтпелі қызметтер» терминін түсіндіреді.

«Өтпелі қызметтердің» кешенді жүйесі - оқушылардың мектепке дейінгі кәсіби қызметке ауысуына қатысты үйлесімді жүйелі әрекеттердің жиынтығы болып табылады.

Осы елдердің кәсіптік бағдарлау тәжірибелеріне шолу отандық педагогикаға және кәсіби танымға (кестеге) осындай технологияларды пайдалану туралы кейбір тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің барлық экономикалық дамыған елдерде кәсіптік бағдарлау мен кәсіптік өзін-өзі анықтау мәселелеріне деген назарын арттыру еңбек нарығының құрылымын өзгертетін және жұмысшыларға жаңа талаптарды тудыратын инновациялық технологиялардың қарқынды өсуіне, сондай-ақ жастарды еңбек ресурстарына енгізу үшін тиімді дайындау қажеттілігіне байланысты.

Шет елдерде, әсіресе Еуропада және Америка Құрама Штаттарында, кәсіптік бағдарлау жүйесі қоғамның экономикалық, саяси және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тұрақты түрде жетілдірілетін фундаментальді теориялық-методологиялық базаға негізделген ұзақ және жүйелі даму тәжірибесіне ие.

Швецияның кәсіптік бейімделу жүйесінің АҚШ-нан және батыс еуропа елдерінен айырмасы бар, швед мектептерінде кәсіптік бейімделу жұмысын

мектеп директорының басшылығымен педагогикалық ұжым жүргізеді. Мамандандырылған мекемелердің жоқтығын жастарды еңбекке орналастыру жөніндегі өңірлік комитеттер толықтырады, олардың құрамына тұрғын, кәсіподақ, өндіріс орындары және билік өкілдерінен басқа мектеп түлектерінің қызығушылықтарын қорғайтын мектеп директорлары кіреді. Мектептегі негізгі кәсіптік бейімделу іс-шараларына мыналар жатады: тұлғаның кәсіптік бағытталуының психологиялық бағыттылығы; оқушылардың жеке психологиялық консультациялары; жоғарғы сынып оқушыларының өзіндік кәсіптік анықталуы мәселелері бойынша отбасылық консультация; әртүрлі мамандық өкілдерінің қатысуымен өтетін кәсіптік бейімделу жөніндегі сынып сағаттары; кәсіптік бейімделу сабақтары; кәсіпорындарға тақырыптық экскурсия; ашық есік күндеріне қатысу; кәсіптік бейімделу бойынша қалалық іс-шараларға қатысу [16].

АҚШ-да жасалған бағдарламаларды талдау («Кәсіби өсу үшін білім», «Кәсіби өсуге дайындалу»), Жапонияда (С.Фукуяманың кәсіптік бейімделу теориясы), Францияда (Кәсіптік бейімделудің тәрбиелік тұжырымдамасы, «кәсіптермен танысу» оқу пәні), Англияда («Кәсіптік мансап үшін еңбекке оқыту» оқу пәні), Германияда («Еңбектану» оқу пәні) және Швецияда («Өмір баспалдағы бойынша қайда қадам басу керек» бағдарламасы) мыналарды көрсетіп отыр:

1) негізгі зейін кәсіптер топтары бойынша алғашқы білімдер мен біліктерге, өзіндік бағалауға, өзіндік талдауға, өзіндік бақылауға және кәсіпке өзіндік даярлыққа бөлінеді;

2) әрбір елде оқушыларды өзіндік кәсіптік анықталуға дайындықтың өзіндік ерекшеліктері бар: Жапонияда – өзіндік талдауға, кәсіптерді талдауға және кәсіптік сынағаларға; Францияда – кәсіптік бейімделу жұмысының тәрбиелік әлеуетіне бағытталуға; Швеция мен АҚШ-да – белгілі бір кәсіптік қызмет саласында табысқа жету үшін өзіндік дамыту және өзіндік жетілдіру бағыттарына; Германияда – еңбек нарқы және экономика талаптары шеңберіндегі жұмыстарға; Англияда кәсіптік қызығушылықты және қабілеттерді қалыптастырудың дамушы тұжырымдамасына сүйенеді.

Швецияда мамандықтар және еңбек нарқындағы жағдайлар бойынша барлық адамдарға қолжетімді толық ақпараттар бар деректер банкі жасалған.

Сонымен шет елдерде бұл бағыттағы жұмыс жүйелі сипатта жүргізіледі, оның белгісі осы бағытта мемлекеттік реттеу кең қолданылады, кәсіптік бейімделу жұмысының ұзақтығы, оны жүргізудің нысандары мен әдістері, сонымен қатар осы саладағы мамандарға біліктілік талаптар нақты жасалып әзірленген.

Әрбір елдердегі оқушылардың кәсіптік бейімделуі проблемасы бойынша жоғарыда келтірілген фактілер негізінде қорытындылай келе, мынаны айтуға болады: басым бағыт оқушылардың дербестігін, өзін-өзі бағалай білуін, кәсіптік бәсекеге қабілеттіліктерін және ұтқырлықтарын қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар, батыс елдері мамандарының ішінде жүйелі тәсілдерді қолдану жиі кездеседі, оның шеңберінде кәсіптік бейімделу, кәсіптік

өзіндік анықталу және жұмысқа орналасу бірыңғай кешен болып саналады, ол кешен «ауыспалы кезеңдегі қызмет» деп аталатын кәсіптік іріктеу, кәсіптік таңдау, кәсіптік ақпараттандыру, кәсіптік кеңес және консультация жүргізу, жұмысқа орналастыру және еңбек қызметіне бейімделу бойынша шаралардан тұрады. Оқушыларға байланысты оқудан кәсіптік қызметтерге дейінгі іс-қимылдардың реті «өтпелі қызметтер» кешенді жүйесімен үйлестіріледі. Соның нәтижесінде жұмыс беруші білім берудің белсенді субъектісі болып табылады, оның міндетіне оқушыларға еңбек нарқындағы жағдай туралы ақпарат беру жатады.

Өзіндік кәсіптік анықталуды бүгінгі күні жоғарғы әлеуметтік динамика, үздіксіз өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру, кәсіптік білім алу жолдарын және құралдарын өзіндік таңдауға дайындалу жағдайында адамның өзіндік іске асыруға дайындығының проблемасын шешу деп қарастыруға болады, бұның өзі алдыдағы өмір жоспарын қалауда шешуші роль атқарады.

Отандық практикалық тәжірибе өздігінен кәсіп таңдауды қалыптастыруда қажеттігіне байланысты әртүрлі формалары мен әдістерін қолдану, әдістемелік-әдіснамалық талдау мен енгізудің қажеттігін көрсетіп отыр.

2 Қазақстан Республикасында білім алушылардың кәсіби бағдарын анықтау және диагностикасы бойынша ағымдағы жағдайды талдау

Қазақстан Республикасында заманауи кезеңде білім алушылардың кәсіби бағдарының диагностикасы және анықтау бойынша ағымдағы жағдайдың анализі орта білім ұйымдарында мамандық таңдауда өзбетінше және саналы таңдауға көмек көрсете, еңбекке дайындықты қалыптастыруға бағытталған оқу-тәрбие үдерісінде интеграцияланған әрекет жүйесі ретінде қарастырылады.

Аталған бағыттың басымдылығы 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауында Н.Ә.Назарбаев: «...Орта мектептің өзінде кәсіби диагностика мен едәуір қажетті мамандықтарға балалардың бағдарлау өткізгені маңызды. Осы білім алу оқушы мен мұғалімнің оқу жүктемесін қысқартуда жеке траектоиясын құруға мүмкіндік беретіндігін» көрсетті [1].

Ағымдағы жағдайдың анализі оның қоластындағы қорлары мен құралдары бар жылдам өзгертін әлем факторларын ескере отырып педагогтердің көпшілігімен кәсіби бағдарда мектеп қойылған тапсырмалардың шынайы жетістігіне ұмтылатындығын көрсетеді. Оқу-тәрбие үдерісімен сондай-ақ, білім алушылар мен олардың ата-аналарымен мектептен тыс және сабақтан тыс уақытта тікелей жүзеге асырылады.

Кең мағынада республикадағы білім беру ұйымдарында кәсіби диагностика құралдары ретінде бүгінгі таңда саналатындары:

- 1) кәсіби бағдар мен мамандық таңдау саласындағы мектептер, колледждер мен ЖОО-лар арасындағы өзара байланыстың құрылымы;
- 2) мектеп бітіруші түлектердің жұмысқа орналастыру мониторингі;
- 3) элективті курстар және 9-11 сыныптарда білім алушылардың білім беру бағдарламаларының пәндер бойынша профиль алды даярлығы;
- 4) кәсіби диагностикалық тестілеу, соның ішінде білім алушылардың белгілі кәсіби типтерге бейімділігін анықтау үшін онлайн режиміндегі тестілеу;
- 5) білім беру басқармаларының, кәсіби білім беру ұйымдарының мектептердің веб-сайттарында жоғары оқу орны туралы ақпаратты орнықтыру ;
- 6) кәсіби топтық сабақтар, тренингтер, жеке кеңес берулер;
- 7) колледждер мен ЖОО-лар базасында кәсіби даярлық алды курстар;
- 8) олимпиадалар, профильдік пәндер бойынша конкурстар.

Техникалық және кәсіби, орта және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде «WorldSkills International» халықаралық қозғалыс стандарттары жүйесінде тәжірбие алмасуды енгізу, *білім алушыларды «JuniorSkills» чемпионатына даярлау бойынша шеберлік сыныптар әдістемесі бойынша жұмыстар жүзеге асырылады.*

Мектептен тыс әрі қарай білім алу профилінде өзбетінше таңдау жасауда мүмкіндіктердің сан түрлігін едәуір кеңейтуде мектептер ақпараттық білім беру ресурстарын қолдау көрсетеді.

Сондай-ақ аталған жұмыста сыртқы серіктестер мен ұйымдарға қолдау көрсетеді.

Көптеген дамыған елдердің тәжірибелеріне тәжірибелік зерттеулер жүргізу негізінде «EDTECH» халықаралық білім беру орталығы отандық ғалымдармен және халықаралық сарапшылармен бірге Қазақстан Республикасында білім алушылардың PhD докторы Бейсембаев Гани Бектаевичтің әдіснамасына негізделген – *KASIP кешендік кәсіби бағдарлы жүйесі* әзірленді. KASIP TEST бойынша қашықтықтан кәсіби диагностика жүргізу барысында 11 сыныпта білім алушылардың мамандық таңдауы үшін жыл сайын сапасыз кәсіби жұмыс барысында Қазақстан Республикасында білім беретін түлектердің 70%-ға жуығы мамандық таңдауда қиындықтар туындағандықтан кәсіби бағдарлық жұмыс жүргізіледі. ЖОО-лардың гранттарына түскен 50 %-ға жуық білім алушылардың бойында еш қызығушылық пен ынталандыру болмайды. Олардың ішінде 15%-ы үлгерімнің төмен болуына байланысты оқудан шығарылады. 5%-ы ЖОО-да мамандық таңдауда көңілі толмаған соң бірінші курсты бітірген соң гранттан бас тартады. Тек 30 %-ы ғана, үздік дипломмен 14,2%-ы ЖОО-да білім алуды сәтті аяқтап шығады [17].

Кәсіби бағдардың оң және теріс тұстарын меңгеру үшін Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі 2014 жылғы кәсіби бағдар бойынша уақытша әдістемелік нұсқаулығын әзірледі. Еліміздің 4 облысында (ОҚО, СҚО, ШҚО, Павлодар облысы) «Кәсіби бағдар» бойынша пилоттық жобаны енгізуді іске қосылды.

Уақытша әдістемелік нұсқаулықта кәсіби бағдар, сондай-ақ кәсіби бағдар мен 9-11 сынып оқушыларын даярлау (мектеп жасындағы 14-17 жас) бойынша белгілі ұғымдарға түсінік берілген алгоритімге қатысты:

1) қызығушылық танытқан тұлғалар арасында мектеп психологтері арасында семинар-тренингтер өткізу; білім алушылар үшін «Мамандық таңдау әліппесін» таныстыруды жүргізу;

2) білім алушыларды диагностикалық жаппай және міндетті түрде тестілеу;

3) оқушыға, оның жеке типін, ҰБТ тапсыру үшін мүмкіндігінше сәйкес профильдік пәндер мен мамандыққа сай сол немесе басқа кәсіби бағыттағы қабілетін және бейімділігін сипаттайтын хаттама беріледі; кәсіби бағыт бойынша шынайы жағдай туралы кәсіби жұмыста білім алушылардың едәуір тиімді жоспарлауда мектептік аналитикалық және статистикалық есеп тасырылады;

4) мектептегі сабақтан тыс және сыныптан тыс кәсіби жұмыстың жаңа талаптарына жауап беретін арнайы бағдарламаны әзірлеу;

5) оқушыға мамандық таңдауда нақты дәл көмек көрсетуде психологтің кеңесі;

6) ЖОО-лар қатысымен олардың таңдаған мамандығы даярлығының үдерісі мен олардың болашақтағы қызмет орындарын таныстыру үшін мамандық таңдау фестивальдерін өткізу;

7) Мамандық таңдауда қиындық туындаған оқушыларды диагностикалау үшін (Р.Б. Кэттелдің «Тұлғаның көп факторлы сұранымы»; «Қиындығы артатын тест – Равен әдістемесі» және т.б.) әдістерді пайдалану.

Орталықтағы білім алушылар үшін KASIPTIK BAGDAR жүйесі бойынша кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізу нәтижесі барлық деңгейлер бойынша болып табылады:

1. Білім алушылар бойында үміт пен ынта пайда болады. Бұл дегеніміз, ҰБТ мен КТ даярлығының сапасын және тиімділігін арттырады.

2. Білім алушылар бойында бейінді пәнді және кәсіби бағытты саналы таңдау қалыптасады.

3. Орталықтың білім алушылары бойында болашақ мамандық пен кәсіп таңдауда шынайы көзқарас қалыптасады.

4. Орталықтың білім алушылары жоғары оқу орнын таңдауда саналы және сенімді таңдау жасайды. Бұл дегеніміз ЖОО-ны дұрыс таңдауда барлық негізгі критерийлерге сәйкес келеді.

5. Орталықтың білім алушылары «Білім алушы-Орталық-ЖОО» үшжақты келісім жасайды. Жоғары оқу орнына түсетіндер үшін білім алушылар орталығында бекітілген болып табылады.

6. Соңғы кезең аяқталған соң әрбір білім алушы абитуриент пен ЖОО-ға қабылдануға толыққанды болып табылады [17].

Кәсіби жұмысты құру (кәсіби хабардар ету, кәсіби диагностика, кәсіби таңдау мен кәсіби бағдар) негізінде «Кәсіби білім берудің ортақ ақпараттық жүйесі, мамандықтардың талап етілу анализі мен болжау» Жобасы әзірленген.

Жоба бойынша кәсіби жұмысты ұйымдастыру, психограма қосылған профессиограма жұмысы оптималды құрылымы өңделген, Қазақстан Республикасы халық шаруашылығында жетіспейтін мамандықтар кәсібінің едәуір бөлігін қамтитын 300-ден аса профессиограма концептуалды негіз әзірленген.

Мектеп оқушыларымен және Қазақстан Республикасының жастары тарапынан кәсіптік білім берудің Концептуалды негіздерінде кәсіби жұмыс және оның мазмұнының кезеңдері, кәсіби шеберліктің деңгейін мектепке дейінгі кезеңнен бастап жүзеге асыру кезеңіне дейін шартты түрде белгіленген.

Мектеп оқушыларының кәсіби бағдары бөлінеді:

Пропедевтикалық кезең – I- ден III (IV) сынып оқушылары.

Бұл кезеңнің мақсаты – кіші мектеп жасындағы балалардың бойында еңбекке деген сүйіспеншілік пен адалдықты қалыптастыру, адам өмірі мен қоғамдағы еңбектің рөлін түсіну, мамандық әлеміне, соның ішінде ата-аналар мен жақын айналасындағылардың кәсіби іс-әрекет саласына деген қызығушылықты дамыту.

Бұл кезеңде оқушыларды танымдық, ойын, қоғамдық пайдалы еңбек әрекетінің түрлеріне тарту іске асырылады.

Әзірленген бағдарлама бойынша жалпы білім беретін мектептерде сабақтарды бастауыш сыныптардың мұғалімдері (кәсіптік ағарту) өткізеді.

Іздену-зондтаушы кезең – V (IV) мен VII сынып аралығындағы мектеп оқушылары.

Бұл кезеңнің мақсаты – жасөспірімдердің кәсіби қалауын қалыптастыру, олардың кәсіп пен қоғамдағы өз орнын таңдауына байланысты өз мүдделерін, қабілеттерін, қоғамдық құндылықтарды сезінуі.

Бұл кезеңде оқушылар одан әрі оқыту бейініне байланысты іс-әрекетке кіріседі (болжанатын кәсіби қызмет саласына сәйкес). Үлгімақтастық педагогикасы идеологтарының бірі И.П. Волковтың идеялары мен тәжірибесіне сәйкес, әр балаға өз қалауы бойынша әр түрлі қызмет түрлерінде өз күштерін сынап көру мүмкіндігі берілуі тиіс. Мұндай жұмыстың нәтижесінде оқушы мұғалімдермен бірге қызығушылығы мен болашақ мамандығына қажетті қабілеттерді дәл анықтай алады.

Консультациялар мен сабақтар жалпы білім беретін мектептер мен әлеуметтік-еңбекке бейімдеу және кәсіптік бағдар беру орталықтары базасында мұғалімдер мен мамандар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеретін және кәсіптер әлемінің алуантүрлілігі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін әзірленген бағдарламаға сәйкес өткізіледі.

Бағдарлаушы кезең – VIII бен IX сыныптардың оқушылары.

Кезең мақсаты – оқушылардың кәсіптік білім беру бағыттарын таңдауда жеке тұлғалық мәнін анықтау.

Бұл кезеңде оқушылардың қоғамдық мақсаттарды өздерінің идеалдарымен, құндылықтар туралы түсініктерімен байланыстыра білуіне, таңдаған бағыт бойынша оқуды жалғастырудың нақты мүмкіндіктерін ескере отырып, кәсіби жоспарлар құруына жағдай жасау қажет.

Алынған консультациялар мен қатысқан сабақтар нәтижесінде (*жалпы білім беретін мектептер (тиісті жағдайлар болған жағдайда) және Әлеуметтік-еңбекке бейімдеу және кәсіптік бағдар беру орталықтары негізінде*) оқушы кәсіби таңдау жасау үшін қажетті іскерліктерді қалыптастыруы, кәсіби сынаманы жүзеге асыруы және одан әрі білім беру траекториясын таңдаумен анықталуы тиіс

Соңғы кезең-X-XI сынып оқушылары.

Кезең мақсаты – кәсіби өзін-өзі анықтау үшін маңызды құзыреттілікті қалыптастыру.

Бұл кезеңде білім беру-кәсіби жоспарларын түзету және іске асыру, соның ішінде бейіндік деңгейдегі пәндерді тереңдетіп оқыту, өздерінің білім жетістіктерін бағалау тәсілдерін түсіну және таңдау жүзеге асырылады.

Консультациялар мен сабақтарды мұғалімдер, кәсіптік бағдаршылар және Әлеуметтік-еңбекке бейімдеу және кәсіптік бағдар беру орталықтарының мамандары білім алушылардың мүдделерін, тапсырмаларын, қабілеті мен мүмкіндіктерін ескере отырып, кәсіпті саналы таңдаудың негізгі дағдыларын қалыптастыратын әзірленген бағдарламаға сәйкес жүргізеді.

Кәсіптік бағдар беру жұмысының әдістер тобы: ақпараттық-ағартушылық, диагностикалық, тренингтік және кеңес беру толық және егжей-тегжейлі сипатталған.

Ақпараттық-ағартушылық әдістер:

- профессиограммалармен жұмыс;
- анықтамалық әдебиеттермен жұмыс;
- ақпараттық-іздеу жүйелеріндегі жұмыс;
- бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс;
- кәсіптерді жарнамалау (үгіт) (техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдарының өкілдері, сондай-ақ мектепте жұмыс берушілер жүзеге асырады);

- мектеп оқушыларының кәсіпорындарға, оқу орындарына экскурсиясы, кәсіби қызметтің түрлі салалары мамандарымен кездесулер;

- Ашық есік күні аясында білім беру ұйымдарына бару;
- бос орындар жәрмеңкесіне бару;
- Өмір бойы білім алу» көрмелеріне қатысу;
- танымдық және ағартушылық дәрістер;
- кәсіптік бағдар беру сабақтары;
- оқу фильмдері мен бейнефильмдерін көрсету;
- конкурстарға, көрмелерге, фестивальдарға және басқа да кәсіби бағдар беру іс-шараларына қатысу.

Диагностикалық әдістер:

- жабық түрдегі әңгімелесулер (қатаң белгіленген мәселелер бойынша);
- ашық әңгіме;
- жеке тұлғаның ерекшеліктерін, танымдық мүдделерін, кәсіби уәждемесін, кәсіби талғамын, кәсіби қабілетін, жетекшінің сапасын анықтау мақсатында, соның ішінде Интернет, мобильді қосымшалар, ақпараттық жүйелер мүмкіндіктерін пайдалана отырып тестілеу (анықталған проблемалар мен тест тапсырмалары бар сауалнамаларды қолдана отырып);
- бақылау әдістері;
- арнайы ұйымдастырылған жағдайларда «кәсіби сынамалар»;
- кәсіби қызметтің түрлі аспектілерін модельдеудің түрлі ойын жағдайларын пайдалану;
- психофизиологиялық тексеру.

Тренингтік (белсенді) әдістер:

- тренингтер (коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған, кәсіби өзін-өзі анықтау, мақсат қою, команда құру, экстремалды жағдайларда сенімділік қалыптастыру және т. б.);
- көпшілік алдында сөз сөйлеу;
- психотренинг элементтері бар кәсіптік бағдар беру және белсендендіруші кәсіби кеңес беру әдістері (ойындар).

Кеңестер:

- Дайындық кәсіби кеңесі (оқушыларды мамандық таңдауға итермелеуі керек, мектептегі оқытудың барлық кезеңінде жүргізіледі).

- Қорытынды кәсіби кеңес беру - оқушының қызығушылығына, бейімділігіне және психофизиологиялық қабілетіне сәйкес мамандық таңдауда көмек көрсету. Бұл кеңесті 8-11 сыныптарда кәсіптік кеңес беруші мамандар

мектеп мұғалімдерімен бірлесіп өткізеді. Кәсіби кеңес берудің үш кезеңі: психологиялық-педагогикалық, медициналық және анықтамалық болып бөлінеді.

- Нақтылаушы кәсіптік кеңес (мектеп шеңберінен жиі шықпайды және кәсіптік білім беру ұйымдары мен жоғары білім беру ұйымдарында, кәсіпорындарда және т.б. жүзеге асырылады).

«ПРОФ-выбор» жоғары сынып оқушыларына арналған кәсіптік бағдар беруші тестілеу кешені негізінде кәсіптік диагностика сұрақтарын Г.З. Адильгазинов, Е.И. Барабановалар ұсынған [18].

Кәсіби бағдар беруші тестілерді әзірлеу қажеттілігіне авторлар төмендегі себептермен түсініктеме береді:

- ҚР-да қызмет көрсету нарығында қазақстандық жеке әзірленген кәсіптік бағдар беру тестілері мен кешендерінің болмауы;

- кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша жүйелі әдіснаманың болмауы, кәсіби кеңес беруші-мамандардың үйлеспейтін және күш-жігерінің эпизодтығы;

- мектептерде кәсіби бағдар беруді бағалау формальды түрде, көп жағдайда бытыраңқы, жүйелі емес тестілермен жүргізіледі;

- заманауи мамандықтар мен кәсіптерді ескере отырып, мамандық пен оқу бейінін өз бетінше таңдау жолында оқушыларға жүйелі, толыққанды диагностикалық көмек көрсету қажеттілігі.

Тұтас кешен кәсіби тестілердің барлық белгілерін қанағаттандыратын 8 дербес тестіден тұрады:

- басқа түрдегі сұрақтардың немесе тапсырмалардың стандартталған жиынтығы;

- нәтижелерді сандық түрде көрсетуге мүмкіндік беретін бір немесе бірнеше өлшеу шкалалары;

- әрбір тапсырманың әр жауаптың бір немесе бірнеше өлшеу шкалаларымен байланысы («тестіге арналған кілттердің» болуы);

- тест тапсырушыға арналған бір мәнді (стандартты) нұсқаулықты, интерпретацияны пайдалану ережесін және т.б. қамтитын стандартталған өткізу процедурасы;

- кілттер арқылы баллдарды есептеудің формальданған рәсімдері;

- тест нормалары - тест ұпайларын бағалау санатына ауыстырудың тіркелген шектігі;

- шкалалардағы мәндердің белгілі аралықтарымен байланысы бар нәтижелерді түсіндірудің формальды моделі;

- бір адамның қандай да бір сипаттамасының жеке сандық бағалауға бағыттылығы.

Кешенге келесі тестілер кірді:

1) Кәсіби қызметтің әр түрлі салаларындағы қызығушылықты, бейімділігі мен қабілетін өздігінен бағалауды анықтауға арналған тестілер (144 пікір);

2) «Кәсіби қызметті таңдау кезіндегі басым қажеттіліктер мен уәждер» тестісі (48 пікір);

3) «Қызмет түрі бойынша мамандықты анықтау» тестісі (таңдаудың 10 нұсқасы);

4) «Кәсіптік қызметтегі еңбек құралдары» тестісі (таңдаудың 5 нұсқасы));

5) «Еңбек объектісі бойынша мамандықты анықтау» тестісі (таңдаудың 10 нұсқасы);

6) «Мамандыққа медициналық қарсы көрсеткіштер» тестісі (таңдаудың 13 нұсқасы);

7) «Мектеп үлгерімін бағалау» тестісі (16 таңдау нұсқасы);

8) ата-аналар/педагогтарға арналған оқушының қызығушылығы мен қабілеттерін анықтауға арналған тест (34 пікір).

ПРОФ-таңдау кешенінің әзірленген тестілері пилотаждық зерттеу барысында сынақтан өтті. 2018 жылдың басында Астана қаласы 9-сыныптарының 2408 оқушысына bagdar.kz платформасында тестілеу жүргізілді.

Астана қаласының 9-сынып оқушыларын іріктеу бойынша таңдалған 5 тест бойынша кешенді талдау:

1) басым таңдалған мамандықтарды анықтау үрдісі әлеуметтік-бағдарлы кәсіптермен, білім беру және педагогика саласымен, қызмет көрсету саласымен байланысты;


2) оқушылар инженерлік мамандықтармен және өндіріспен байланысты техникалық және технологиялық мамандықтарға ең аз дәрежеде бағдарланғаны анықталды;

3) қазіргі уақытта кәсіптік таңдау уәждемесі айқын көрсетілмеген, бұл осы уәждемелік-қажеттіліктік сала мен түпкілікті емес кәсіби таңдау туралы дәлел бола алады;

4) жоғары сынып оқушылары арасында еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар мен кәсіптер, сондай-ақ жұмысқа орналасу, еңбекақы төлеу және мансаптық өсу проблемалары туралы әлеуетті түлектерді ақпараттандыру бойынша кәсіптік бағдарлау жұмысын жүргізу қажет;

5) алынған нәтижелер Қазақстанның астанасы болып табылатын урбанизацияланған Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайымен ішінара түсіндірілуі мүмкін. Осыған байланысты, оқушылар техникалық мамандықтарға бағдарланбаған, өйткені металлургиялық, химиялық және өндірістік салалар елдің осы өңірінде ең аз дәрежеде ұсынылған.

Талдау bagdar.kz жүйесінде кәсіби бағдар беру алгоритмінің кәсіби бағдар жұмысының нақты үдерістері мен ең маңызды сәттерін объективті түрде көрсететінін анықтады:



Кәсіптік диагностика көмегімен шешілетін міндеттер:

- жалпы білім беру жүйесінде ерте бейімдеу және бейін таңдау кезеңіндегі кәсіптік диагностика және бағалау (5-8-сынып оқушылары);
- мектеп түлектеріне (9-11-сынып оқушылары), талапкерлерге болашақ кәсіби қызмет саласын таңдауда кәсіби бағдар беру көмегі,
- ересектерді кәсіби қайта оқыту және мансапты дамыту.

Кәсіптік бағдарды анықтаудың кешенді тестері
Кәсіптік бағыттылық – 5-8 сынып білім алушыларына арналған Қызығушылықтары мен икемділіктерін, қабілеттерін, ынталарын, мектептің жоғары сыныптарында оқытудың бейінін саналы түрде таңдау үшін отбасындағы мамандықтардың генеалогиясына бағыттылығын бағалауды есепке алатын кәсіптік бағдарды ерте анықтауға арналған
Кәсіптік таңдау – 9-11-сынып білім алушылары, түлектер, талапкерлер үшін Мамандықты таңдаудағы икемділіктерін, қабілеттерін, ынталарын ескере отырып кәсіптік бағдарды кешенді диагностикалауға арналған
Кәсіби қайта бейіндеу – қызметте мансабының өсуін басқару мақсатында ересектерге арналған Екінші білім алу немесе кәсіби қайта бейіндеу жағдайында мамандық таңдауға арналған

Негізгі теориялық тұжырымдамалар

Келесі суретте тест кешенін құру үшін негіз болған негізгі теориялық тұжырымдамалар ұсынылған (1-сурет).

Өзін-өзі кәсіби анықтауы процесіндегі тұлғалық-бағдарлы тәсіл (Л.М.Митина, Н.С.Пряжников, А.К.Маркова)	Тұлғаның сана-сезімін мамандық тұрғысынан қалыптасуы мен өзін-өзі анықтауы (Т.В.Кудрявцев)	Өзін-өзі кәсіби және тұлғалық анықтауы; қалыптастырушы, дамытушы тәсіл (Е.А.Климов, Н.С.Пряжников, Ю.П.Поваренков)
Негізгі идея –		
жай ғана белгілеуді, нақты қасиеттерді есепке алу мен дамытуды топшыламайтын кәсіптік бағдар беру жұмысын «құзыреттілік тәсіл» идеясында құру (кәсіптік диагностика, кәсіптік іріктеу және кәсіптік бағдар беру), олардың кейбір іс-әрекет барысында қажет болуы мүмкіндігін, сонымен қатар адамның түрлі қасиеттеріне сүйене отырып нақты міндеттерді атқаруына дайындығын ескеру қажет		
Кәсіптік бағдарды анықтауға арналған тест кешендерінің мақсаты – клиенттің (мектеп оқушысының немесе ересек адамның) әлеуетін бағалауға бағытталған және осының негізінде еңбек нарығының жағдаятын есепке ала отырып тұлғаның қабілетіне, қызығушылықтарына және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келетін іс-әрекет саласын таңдауды жүзеге асырылады		

Тұлғаның кәсіптік тұрғыдан өзін-өзі анықтауына дайындығының негізгі критерийлері келесі кешенді бағалауларға негізделеді:

- когнитивті/ақпараттық (мен білемін, хабардар болуының бағасы);
- эмоционалды қарым-қатынасы (мен қалаймын, қызығушылық бағасы);
- әрекеттік-тәжірибелік (мен істей аламын, қабілеттілік бағасы)

1-сурет – Негізгі теориялық тұжырымдамалар

Мақсатты топтар.

Кешен мыналарға арналған:

- тест әдістемелерінен өтеді (9-11- сынып оқушылары, талапкерлер), сондай-ақ сарапшы ретінде қатысады (ата-аналар және/немесе жоғары сынып оқушыларының сынып жетекшісі);

- тест әдістерін пайдаланушылар – кәсіптік бағдар беру орталықтарының мамандары, кәсіптік таңдау кеңесшілері және мектеп білім алушыларының өзін-өзі анықтау, жоғары сынып білім алушыларының кураторлары мен сынып жетекшілері, орта білім беру мекемелерінің психологтері, ата-аналар.

Кәсіп таңдау кешені жоғары сынып білім алушыларының кәсіби бағыттылығын және тиімді кәсіби таңдауын диагностикалау мақсатында әзірленген.

Кешенді бағалауға объективті және субъективті тәсілді ескеретін жеке психодиагностикалық тест сериясы жатады (2-сурет).

	Объективті көрсеткіш	Субъективті көрсеткіш
Сыртқы көрсеткіш	<p>- бірқатар қызмет түрлерін орындауға медициналық қарсы көрсетілімдер мен созылмалы ауруларды бағалау</p> <p>- мектеп пәндерін меңгерудегі баланың үлгерімін бағалау</p> <p>МҮМКІНДІГІ БАР</p>	<p>- еңбек құралдарын таңдау ниеті</p> <p>- еңбек түрлерін таңдау ниеті</p> <p>- еңбек объектілерін таңдау ниеті</p> <p>ҚАЛАЙМЫН</p>
Ішкі көрсеткіш	<p>- ата-аналардың білім алушы қызығушылықтары мен қабілеттерін бағалауы</p> <p>ҚАЛАЙДЫ ЖӘНЕ МҮМКІНДІГІ БАР</p>	<p>- себептер мен қажеттіліктер</p> <p>- қызығушылықтар, бейімділік және қабілеттері</p> <p>МҮМКІНДІГІМ БАР</p>


2-сурет Кәсіп таңдау тест кешенінің матрицасы

№ 1 тест кәсіби қызметінің әртүрлі салаларындағы қызығушылығы, бейімділігі мен қабілетін өзін-өзі бағалауға арналған. Тест 12 кәсіби сала бойынша бөлінген, 36 мамандыққа деген қызығушылықты анықтауға мүмкіндік береді. Барлық таңдау бойынша жасалған нәтижелер Б қосымшасында берілген.

Әзірлеушілер бағалаудың 10-нан 12 балға дейінгі жеке диапазонын білім алушылардың осы мамандықты меңгеруге дайын екендігінің көрсеткіші болып

табылатынын көрсетіп отыр. 6-дан 9 балға дейінгі ауқымдағы бағалар осы мамандықты игерудегі айқын бейімділігі туралы ғана куәландырады.

Орташа топтық бағалау жалпы топтық бағалауды нақты орташалайды, осыған байланысты өте жоғары немесе өте төмен көрсеткіштер көрінбейді (3-сурет).



3-сурет – № 1 (n = 5 846) тест нәтижелері бойынша басым кәсіби салалардың орташа топ профилі

3-суреттің мәліметтері бойынша, «Қызмет көрсету және қызмет аясы» кәсіби саласы өз білімдерін, бейімділігі мен қабілеттерін бағалауда басым болып көрсетілген (7,3 балл). Мұндай білім алушылар үшін сервис, туризм және қонақ үй ісімен байланысты мамандықтар тартымды болып табылады. Респонденттер осы кәсіби сала туралы көп біледі, олар үшін бұл эмоционалдық тартымды болуы мүмкін және оларды іске асыру үшін кейбір дағдылары да бар.

Маңыздылығы жағынан екінші орында тұрған блок, білім алушылардың білімдері, бейімділігі мен қабілеттері жоғары бағаланатын, «Білім беру және педагогика» (7,2 балл) мен «Әлеуметтік ғылымдар» (7,2 балл) аясындағы кәсіби сала болып көрсетілген. Яғни, респонденттер тұрғысынан, олардың педагогикалық мамандықтар мен әлеуметтік саладағы мамандықтарды игеруге ішкі дайындығы бар.

Маңыздылығы жағынан үшінші ретте көрсетілген кәсіптік салалардағы блок: шығармашылық аясы (6,61 балл), гуманитарлық ғылымдар (6,06), медицина және денсаулық сақтау (5,9 балл), экономика және басқару (5,87 балл) және тіршілік қауіпсіздігі (5,71 балл).

Көріп отырғанымыздай, тартымдылығы жағынан төмендері - жаратылыстану-ғылыми ғылымдар (5,05 балл), информатика және есептеу техникасы (4,81), физика-математикалық (4,26) және техника мен технологиялық (3,16) салалар.

Мамандық бойынша кәсіпке қызығушылықтарын талдау қорытындысы бойынша келесідей қорытындылар жасалды (1-кесте).

1-кесте – Барлық тест тапсырған білім алушылардың кәсіби іс-әрекетінің түрлі салаларындағы қызығушылықтарының, бейімділігі мен қабілеттерінің өзін-өзі бағалауын анықтауға арналған тест бойынша орташа мәндердің нәтижелері (n=5846)

№	Саласы	Мамандығы	Мамандық таңдау бойынша орташа балл
1	Физика-математика ғылымдары	1. Физика-техникалық ғылымдар мен технологиялар	4,23
		2. Математика	4,3
2	Жаратылыстан у-ғылыми ғылымдар	3. Геодезия және жерге орналастыру	4,97
		4. Геология, пайдалы қазбаларды барлау және игеру	5,19
		5. Экология, табиғатты орналастыру және қауіпсіздік	6,01
		6. Ауыл, орман және балық шаруашылығы	4,9
		7. Химия-биологиялық ғылымдар және технологиялар	4,22
3	Гуманитарлық ғылымдар	8. Филология мен лингвистика	5,99
		9. Саясат және халықаралық қатынастар	6,43
		10. Философия және дінтану	5,76
4	Әлеуметтік ғылымдар	11. Тарих, археология, құжаттау	6,17
		12. БАҚ, журналистика, жарнама және PR	7,33
		13. Психология	7,92
		14. Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс	7,64
		15. Юриспруденция, құқық	7,18
5	Білім және педагогика	16. Білім және педагогика	7,15
		17. Дефектология	7,33
6	Медицина	18. Денсаулық сақтау	5,9
7	Шығармашылық	19. Мәдениет және өнер	6,54
		20. Дизайн	6,69
8	Экономика және басқару/бизнес	21. Экономика мен қаржы	5,19
		22. Басқару және менеджмент	6,43
		23. Маркетинг	6
9	Қызмет көрсету	24. Сервис, туризм және қонақ үй ісі	7,33

	саласы/ қызметтер		
10	Информатика және есептеу техникасы	25. Информатика және есептеу техникасы	4,81
11	Техникалық және технологиялық	26. Машина жасау, металл өңдеу, Автоматтандыру және робототехника	3,23
		27. Аспап жасау, оптика және биотехника	3,36
		28. Энергетика және электротехника	3,35
		29. Құрылыс және архитектура	3,56
		30. Өнеркәсіп және металлургия	2,91
		31. Жер үсті, әуе, су көлігі	2,89
		32. Электрондық техника, радиотехника және байланыс	2,86
		33. Қайта өңдеу өндірісінің технологиясы	3,17
12	Тіршілік қауіпсіздігі	34. Дене шынықтыру, спорт және фитнес	5,78
		35. Қару мен қару-жарақ жүйелері	5,29
		36. Тіршілік қауіпсіздігі	6,06

Мамандықтардағы барлық таңдауға қатысты орташа мәндердің нәтижелері өз мүдделері, қабілеттері мен бейімділігін ескере отырып, ең көп таңдалатын саланы көрсетті, олар:

- Психология (7,92),
- Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс (7,64),
- Дефектология (7,33)),
- Сервис, туризм және қонақ үй ісі (7,33,)
- Білім және педагогика (7,15)
- БАҚ, журналистика, жарнама және PR (7,33),
- Заңтану, құқық (7,18).


Білім алушылардың ең аз таңдайтыны, кәсіби жағынан хабардар емес болатындығы, эмоциялық қарым-қатынас пен іс-әрекеттерді төмен бағалауындағы мамандықтар:

- Құрылыс және сәулет (3,56),
- Құрал жасау, оптика және биотехника (3,36),
- Энергетика мен электротехника (3,35),
- Машина жасау, металл өңдеу, автоматтандыру және робототехника (3,23),
- Қайта өңдеу өндірісінің технологиясы (3,17),
- Өнеркәсіп және металлургия (2,91),
- Жер үсті, әуе, су көлігі (2,89),

- Электронды техника, радиотехника және байланыс (2,86).

Осылайша, әлеуметтік сала, білім беру және педагогика, қызмет көрсету саласындағы мамандықтарды таңдау басым болып отырғанын факт ретінде айту керек. Техника саласындағы мамандықтар туралы хабары, қызығушылығы және қабілеттілігі төмен деуге болады.

Кәсіби қызметті таңдауға әсер етуі мүмкін басым қажеттіліктер мен себептердің басымдығын анықтау үшін 4-суреттің деректері талданды.



4-сурет- Барлық оқушылардың «Кәсіби қызметті таңдау кезіндегі басым қажеттіліктері мен себептері» тесті бойынша орта мәндердің нәтижелері, (n = 5 846)

Сондай-ақ, қалыптасқан жетекші себеп туралы айтқан (+6)-дан (+8)-ге дейінгі бағалау диапазоны барлық іріктеу бойынша орташа мәндердің нәтижелері бойынша анықталған жоқ екенін атап өту қажет.

Сонымен қатар, диагностикаға қатысатын оқушылардың көпшілігі мансапқа және лауазымдық жоғарылауға байланысты кәсіптерге қызығады (2,44 балл). Мамандық таңдау кезінде басқа адамдарға әсер ету, олардың мінез-құлқын, мансаптық және лауазымдық өсуін бақылау маңызды. Мысал ретінде менеджер, басшы, оқытушы, мемлекеттік қызметкер, сот, прокурор, әкімші, бизнес-процесс жөніндегі маман, продюсер және т. б. мамандықтары бар.

Шығармашылық және қызықты жұмысқа деген қажеттілік оқушылар үшін тартымды болып табылады. Оларға белгілі бір клише бойынша нақты жұмысты орындауға қарағанда жаңа нәрсе жасау, проблемаларды шешу үшін ойлап табу және оларға стандартты түрде емес қарау әлдеқайда оңай деп болжауға болады. Шығармашылық мамандықтарға көркем, музыкалық, әдеби, кинематографиялық және сән әлемінің мамандықтары жатады.

Бұдан әрі жоғары әлеуметтік қатыстылықпен және жұмыс барысында қарқынды коммуникация мүмкіндігімен байланысты себеп болады жүреді (2,03

балл). Аталған себеп, бірінші кезекте клиенттермен (әлеуетті немесе нақты) белсенді қарым-қатынасты білдіретін клиентке бағытталған қызмет салаларын сипаттайды).

- адамдар мен және ұжымдармен жұмыс, сонымен қатар өнеркәсіпті басқарумен (қызметкерлерді іріктеу бойынша менеджер, офис-менеджер, спорт бапкері, психолог, тергеуші, әлеуметтік қызметкер, жұртшылықпен байланыс жасау маманы және басқалар);

- балалар мен жасөспірімдер ұжымын оқыту және тәрбиелеу, кәсіптік дайындау мен ұйымдастыру (тәрбиеші, дефектолог, логопед, оқытушы, әлеуметтік педагог және басқалар);

- адамдарға сауда және материалдық-тұрмыстық қызмет көрсету (сауда бойынша менеджер, супервайзер, сауды немесе сақтандыру агенті, жылжымайтын мүлік бойынша агент, сатушы, кассир, промоутер, бармен, дилер және басқалар);

- адамдарға ақпараттық қызмет көрсету (аудармашы, журналист, редактор, маркетинг бойынша маман, инспектор, хатшы, заң кеңесшісі, референт хатшы және басқалар);

- медициналық көмек көрсету (дәрігер, медбике, лаборант, фармацевт, массаж жасаушы, гомеопат, мануалды терапевт, косметолог, диетолог және басқалар).

Астана қаласының білім алушыларын еңбекті қолайлы және жайлы жағдайларда жүзеге асыратын мамандық түрлері қызықтырады (1,98); еңбек түрін таңдау барысында білім алушылар ұсынылатын жағдайларға көңіл аударатын болады, мысалы: шуыл деңгейінің төмен болуы, жұмыстың қолайлы жылдамдығы мен режимі, еңбектің бірсарынды болмауы, күшті жүйке-эмоциялық жағдайдың болмауы және басқалар.


Басқа адамдарды оқыту, тәрбиелеуге деген қажеттілікті (1,78) айқын байқалатын ынта ретінде көрсетуге болады. Бұлар негізінен ақпаратты қабылдау мен өңдеумен байланысты ақыл-ой еңбегін талап ететін мамандықтар. Негізгі мазмұнын адамдармен қарым-қатынас жасау құрайды. Мысал ретінде адамдарды оқытумен және тәрбиелеумен, балалар ұжымын ұйымдастырумен, кәсіптік дайындықпен байланысты мамандықтарды айтуға болады, яғни: мектепке дейінгі мекеменің тәрбиешісі, мұғалім, жаттықтырушы, нұсқаушы, репетитор, *коуч*, *тьютор*, кәсіптік білім беру шебері, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, колледж, жоо оқытушысы және басқалар.

Жаңалықтар ашумен, экстремалды жағдайда іс-әрекет етуге дайын болу және қажетсінумен байланысты мамандықтарды таңдауға білім алушылардың аз бөлігі ғана бағдарланған (-0,34). Қол еңбегіне, физикалық күшті талап ететін еңбекке, міндетті түрде қол еңбегіне қажетті құралдарды қолдануға бағытталған мамандықтар кәсіптік бағдардың басым бағыты болып табылмайды (0,01 балл). Сондай-ақ жеке немесе өзіндік жұмысты орындау да қазіргі кезде жастарды қызықтырмайды (0,02).

Осылайша, білім алушылардың ынталары мен қажеттіліктерін ескере отырып, олар үшін кәсіптік мансабының өсуімен, өзін-өзі шығармашылық

тұрғысынан жүзеге асыратын және әлеуметтік қажеттілігін сезінетін, коммуникативтік қарым-қатынас жасауға болатын мамандықтар қызықтыратынын көруге болады.

Келесі суретте мамандық іс-әрекетіне байланысты мамандық таңдауға талдау жасайық (5-сурет). Ұсынылғандардың ішінен рангы неғұрлым төмен болса, мектеп оқушылары үшін оның маңыздылығы жоғары іс-әрекет болып табылатынын атап өту қажет.



5-сурет – Білім алушылардың «Қызмет түріне байланысты мамандықты анықтау» тестіндегі дәреженің маңыздылығы нәтижесі (n=5 846)

Неғұрлым жоғары орында тұрған дәреженің басымдылығы – басқару (4 дәреже) және шығармашылық (4,8 дәреже), бұл білім алушылар үшін басқарумен және қол астындағыларды басқарумен байланысты іс-әрекеттің, сонымен қатар мәдениетпен немесе өнермен байланысты мамандықтардың маңызды екендігін көрсетеді. Бұл мамандықтар проблемалар әдеттен тыс шешу, яғни шығармашылық сана-сезімді және өзінің тұлғалық қасиеттерін көрсетуді тәсілін талап етеді.

Мектептің білім алушыларын құрастырушылықпен, жобалаумен (6,3 дәреже), өнеркәсіппен (5,9 дәреже) және қорғаумен (5,9 дәреже) байланысты немесе негізінен техникалық мамандықтар блогы аз қызықтырады.


Еңбек құралдарын таңдаудың талдауы (6-сурет).



6-сурет – Білім алушылардың «Кәсіптік іс-әрекеттегі еңбек құралдары» тестіндегі дәреженің маңыздылығы нәтижесі (n=5 846)

Білім алушылар өмірлік игілікті істер жасау үшін, кәсіптік іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін және ең алдымен адамның функционалдық жеке мүмкіндіктеріне қажетті еңбек құралдарын таңдау (47%), екінші орында ақпараттық технологиялар мен есептегіш техника құралдары (23%). Осылайша, еңбек құралын таңдау қол еңбегі (8%), механикалық (8%) және автоматтандырылған (9%) құралдар қолданылатын өнеркәсіп және өнім шығару саласына қарағанда әлеуметтік бағытталған мамандықтарға басым көңіл аударылады.

Талдаудың тағы бір түрі еңбек нысанын есепке алумен таңдалатын мамандықтар (7-сурет). Дәрежесі неғұрлым төмен болса, еңбек нысанын ескерумен таңдалатын мамандық соғұрлым қызықты болатынын атап өту қажет.



7-сурет – Білім алушылардың «Мамандықты еңбек нысаны бойынша анықтау» тестіндегі дәреженің маңыздылығы нәтижесі (n=5 846)

Нәтижелер адам (балалар мен ересектер, білім алушылар мен студенттер, клиенттер мен емделушілер, сатып алушылар мен жолаушылар, көрермендер, қызметкерлер және басқалар) еңбектің басым нысаны болып табылатындығын көрсету мүмкіндігін береді (4,1 дәреже). Еңбек нысаны қаржы (4,3 дәреже) және ақпарат (4,4 дәреже) түрінде көрсетілуі мүмкін. Білім алушылар кәсіптік іс-әрекеттің дайын бұйымдар жасаумен байланысты болғанын (6,57 дәреже), табиғат ресурстарын пайдаланумен, бақылаумен және қорғаумен (6,53 дәреже) және мәдени өсімдіктерді өсірумен және оларды өндіруді ұйымдастырумен (6,44 дәреже) байланысты болғанын өте төмен бағалайды [19].

Ұсынылған талдау кәсіптік диагностиканың жаңа үлгісін құрастыру мүмкіндігін жүзеге асыру керектігін, сонымен қатар білім алушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысының көп қырлы проблемаларының бар екендігін көрсетеді, мысалы:

- жүргізілген кәсіптік диагностикалар мен кәсіптік бағдарды анықтау жұмыстарының тиімсіздігі, себебі, олар еңбек нарығын есепке алу арқылы әлеуметтік-экономикалық мемлекеттік міндеттерді шешуге әсер етпейді;

- білім алушылардың барлық білім алу кезеңінде кәсіби өсуді дамыту құралы ретінде, әлемнің дамыған елдерінің кәсіпке ену және кәсіби іріктеу бойынша алдыңғы қатарлы тәжірибесін қабылдаудың төмендігі;

- мамандық және оқу орнын таңдаудағы қиындықтар. Зерттеу нәтижелері бойынша бұндай таңдауды мектеп бітірушілердің 15% ғана өздігінен істей алады. Тағы 15%-і жақындарының және достарының кеңестеріне сүйенеді. Ал қалған 70%-і мектеп бітірген кездің өзінде де таңдау жасай алмай;

- әлеуметтік сала мамандықтарын таңдаудың басымдығы;

Жоғарыда айтылғандардан, келесі бағыттарда жұмысты күшейту қажет деген қорытынды жасауға болады:

- Қазақстан экономикасында сұранысқа ие индустриалды мамандықтарға, IT-мамандықтары, ағылшын тілін білуді талап ететін мамандықтарға қатысты мектеп бітірушілерімен жеке кәсіптік диагностика жүргізу (инженерлік, технологиялық, мұнай-газ, биохимия салалары);

- қазақстандық еңбек нарығында, мемлекеттік салалық тапсырысында сұранысқа ие мамандықтардың ішкі мониторингін мектептердің тәжірибесінде қолдану;

- жалпы білім беретін орта мектептердің бастауыш және негізгі орта деңгейінде білім алушылардың бейін алды дайындығы. Бастауыш сыныптарда балаларға қосымша білім беру жүйесі арқылы (қызығушылығы бойынша үйірмелер, секциялар), негізгі орта білім беру сыныптарында жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытумен үйлестірумен көптеген вариативтік факультативтер енгізу арқылы, білім алушылардың осы немесе басқа бейінді меңгеруге деген қызығушылығын қалыптастыру және нақты таңдау жасау мүмкіндігін жасау;

- білім алушылардың тұлғалық ерекшеліктерін жүзеге асыру және есепке алу үшін тәжірибелік мүмкіндіктермен толықтырылған білім беру ортасын құру.

3 Орта білім беру ұйымдарында едәуір сұранысқа ие мамандықтар бойынша білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтау және диагностикасын жүргізу механизмі

Өздіктерінен шешім қабылдай алатын білікті мамандарға қажеттілік бар нарықтық экономика жағдайында кәсіптік бағдар берудің өзектілігі артады. Мамандық таңдау бостандығы адамдардың алдына үлкен міндеттер қояды. Бұл ең алдымен, қызметтің осы немесе басқа түрлеріне өздігінен ерекше ықылас білдіруінен, шешім қабылдауынан, өзінің көзқарасын және қабілеттерін түсіне білуінен көрініс табады. 1948 жылы Адамды қорғау күнінде (10-желтоқсанда) БҰҰ Бас Ассамблеясы адам құқығын қорғаудың жалпы декларациясын жариялады. Бұнда 23 бапта: «Әр адам жұмыс істеуге, мамандықты еркін таңдауға, әділ және қолайлы еңбек жағдайларына, сонымен қатар жұмыссыздықтан қорғалуға құқылы» делінген. Бұл құқық Қазақстан Республикасының Конституциясына да енгізілген. Негізгі Заңның 24 бабында әр адам еңбек еркіндігіне, қызмет және мамандық түрін еркін таңдауға құқылы делінген. Кәсіптік бағдар жұмысы мамандықты дұрыс таңдау мәселелерін шешуге көмектеседі. Бұл өмірге қадам жасаған адамға көмектесетін іс-шаралар жүйесі, кәсіби бағыттылықты дамыту мақсатында, білім алушыларға өзін-өзі кәсіби анықтау кезінде мамандықты немесе тәрбие жұмысы жүйесін таңдау ғылыми негізделген.

Сауатты ұйымдастырылған кәсіптік бағдар беру жұмысы мемлекеттің саяси және экономикалық мықты негізін құрудың табыстылығына әсер етеді. Елбасының Қазақстан халқына «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыспен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында «орта мектептердің өзінде балаларды мейлінше сұранысқа ие мамандықтарға бейімдеп, кәсіби диагностика жүргізу маңызды» деп көрсетілген [1].

Оң нәтижелерге қарамастан, жалпы орта білім беретін ұйымдардағы кәсіптік бағдар беру жұмысы білім алушылардың бойында әр тұлғаның жеке ерекшеліктеріне және қоғамның білікті мамандарға сұранысына сәйкес өзінің қоғамдағы болашақ өмірін анықтауды қалыптастыру тәрізді басты мақсатына жеткен жоқ. Бұны мектепте білім алушылардың бейін алды және бейінді дайындығына сағат санының шектеулі бөлінуімен, кәсіптік бағдар беру жұмысына ата-аналардың өте аз қатысуымен, әлеуметтік институттардың кәсіби бағдар беру ұйымдарымен байланысының жеткіліксіздігімен түсіндеруге болады. Қазіргі кезде кәсіптік бағдар беру мәселесі бойынша әдіснамалық бірыңғай жүйе жоқ, орта білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдарға баға беру немқұрайлы жүргізіледі, көпшілік жағдайда, жүйеге келтірілмеген бөлек-бөлек құрастырылған тесттер қолданылады.

Кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыруда келесі кезендерден тұратын кешенді тәсілді үздіксіз және тұрақты қолдану арқалы аталған проблемаларды шешуге болады:

1. Кәсіби ағарту;
2. Кәсіби диагностика;

3. Кәсіби кеңес беру.

Кәсіптік бағдар беру жұмысының әр кезеңінің мазмұндық бөлігі маңызды рөл атқарады.

Білім алушыларда мамандықтар әлемі туралы шынайы көзқарас қалыптастыру, нақты аймақтың неғұрлым қажетті мамандықтарының мазмұнын және сапалық ерекшеліктерін түсіндіру кәсіби ағарту жұмысының мақсаты болып табылады. Бұл мақсатты жүзеге асыру кәсіптік ақпарат арқылы жүзеге асырылады, ол білім алушылар болашақ мамандығын дұрыс таңдауға дайындау үшін ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық, кәсіби графикалық, медициналық-гигиеналық, психологиялық-физиологиялық және құқықтық сипаттағы мағлұматтар береді. Ақпараттық деңгей базалық ретінде қарастырылады [20].

Білім алушыларды кәсіби ағарту жұмысы жалпы білім беретін мектептерде ғылым негіздерін оқыту және сыныптан тыс жұмыстар процесінде жүзеге асырылады.

Мұғалімдер білім алушыларға кәсіптік бағдар беру барысында әңгімелесу, сынып сағаттары, рөлдік ойындар, мамандықтар жәрмеңкесі, жергілікті жердегі өнеркәсіп орындарына, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарына экскурсиялар, аймақтың экономикалық және өнеркәсіптік дамуы туралы ақпараттар тәрізді жұмыс формаларын қолданулары тиіс.

Мамандық таңдау және білім алу жолын анықтау мәселелері оқушылар үшін де, олардың ата-аналары үшін де күрделі проблема болып табылатындықтан, ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлерін жетілдіру жолдарына ерекше көңіл аудару қажет. Ата-аналар үшін мектеп келесі жұмыс түрлерін жүргізулері тиіс:

- ата-аналарға арналған дәрістер (лекторийлер), ата-аналар жиналыстарын өткізу;
- мұғалімдердің білім алушылардың ата-аналарымен жеке сұхбаттасулары;
- ата-аналармен сауалнама өткізу;
- ата-аналарды білім алушылардың алдында сөйлеуге тарту;
- ата-аналарды үйірмелердің, спорт секцияларының, көркемөнер студияларының, оқушылар театрының, оқушылардың қоғамдық ұйымдарының жетекшілігі жұмысына қатыстыру;
- жоғары сынып оқушыларының өнеркәсіпте өзін кәсіби сынауын ұйымдастыру жұмысында ата-аналардың көмегі;
- демалыс уақытында оқушыларды уақытша жұмысқа орналастыруды ұйымдастырудағы ата-аналардың көмегі.

Білім алушы портфолиосын жинау кәсіптік бағдар берудің бір түрі болып табылады. Портфолиода білім алушының жеке оқу жетістіктеріне қатысты сертификаттар мен дипломдар жинақталады. Сонымен бірге, Германияның тәжірибесіне бойынша, әр балада «Жұмыс дәптері» болуы керек, бұл дәптерде

білім алушының отбасы, тұлғалық қызығушылықтары, бейімділіктері, кәсіби мақсаты, алдын-ала таңдаған мамандығы туралы деректер енгізілуі тиіс.

Білім алушылардың мамандықтар әлемін талдауды және зерделеуді өздігінен жүзеге асыру кейде қиындықтар тудырады. Сондықтан мектепте оқытудың барлық деңгейлерін қамтитын кәсіптік диагностика (бұдан әрі – кәсіптік диагностика) білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтаудың маңызды компоненттерінің бірі болып табылады.

Білім алушылардың кәсіби бағдарын білуге арналған кәсіптік диагностика – бұл білім алушылардың бір немесе басқа мамандықты өздігінен таңдауға дайындық деңгейін анықтауға және олардың болашақ кәсіби іс-әрекетінің бейінін түзетуге (қажет болған жағдайда) арналған технологиялық процесс.

Білім алушылардың кәсіптік бағдарының деңгейі мен сапасының жоғарылауына, сонымен қатар болашақ мамандықты дұрыс таңдауларына кепілдік беретін жүйелі, дифференциалданған және тұлғалық-әрекеттік тәсілдер кәсіптік диагностиканың әдіснамалық негізін құрайды [21].

Ұсынылатын технологияны жүзеге асырудың тиімді ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары:

- білім алушылардың кәсіптік қажеттіліктерін ескере отырып сараланған кәсіби мақсаттар қою;

- білім алушылардың болашақ мамандығының ерекшелігі туралы ақпаратты сарапталып ұйымдастырылған сыныптан тыс кәсіптік бағдарлы жұмыстардың көмегімен меңгеруі;

- білім алушылардың кәсіби бағдарын кәсіптік диагностиканың барлық кезеңдерінде мұғалімнің жеке кәсіби қадағалауы.

Диагностикалық жұмыс әр баланың қажеттіліктерін, қызығушылықтарын және икемін нақты анықтау мақсатында құрылуы тиіс. Тұлғаға тән ерекшеліктер, яғни: құндылық бағытын, қызығушылықтарын, қажеттіліктерін, икемділігін, темпераментін, денсаулық жағдайын, сонымен қатар әзірленген әдістер мен түрлі тәсілдердің көмегімен тұлғаның нақты кәсіптік іс-әрекетке бейімділігі мен талап-мақсаттарын анықтау әр жастық кезеңде зерделеніп отыруы тиіс.

Кәсіптік диагностиканың нәтижесі мен кәсіптік ақпараттық білім негізінде маман (кеңесші) баланың жеке кәсіптік ерекшеліктерін және аймақтың еңбек нарығындағы нақты жағдайды салыстыруға (мамандықтар мен лауазымдар, жалақының орташа мөлшері жоспарында) мүмкіндік беретін кәсіптік кеңестер бере алады.

Бұл құрастырушылар мен кәсіптік диагностика бәрі не үшін қажет?

Біріншіден, одан әрі білім мен мамандық алуды таңдаудың (ең жақын досыммен «серік болып» немесе «бұл қазіргі кезде бәрі баратын мамандық» принципі бойынша) кездейсоқ болуына жол бермеу.

Екіншіден, баланың таңдауын ата-анасының жүзеге аспаған кәсіби арманымен шатастырмау, сонымен қатар тұлғаның мамандыққа жалпы

қызығушылығын нақты бір маманға деген жағымсыз/жағымды көзқарасымен салыстырмауына назар аудару қажет.

Үшіншіден, өзінің мүмкіндіктерін білмеудің, мамандықтар әлемінің түрлерінен және еңбек нарығындағы нақты жағдайдан (әр аймақтың өзіне тән ерекшелігі болады) хабарсыз болудың нәтижесінде жаңылыс таңдау жасамау үшін.

Психологиялық зерттеулер жұмыс түрінің өз бейімділігіне сәйкес келмеуі (бұл психиканың және адам «физикасының» неғұрлым көп жұмсалатынын) көптеген жағдайда психологиялық-соматикалық ауруларға әкелетінін дәлелдейді. Практикалық жағынан қарайтын болсақ, мысалы, «сәнді» мамандықтар оқуды аяқтағаннан кейін баланың өз аймағында жұмысқа орналасуына және материалдық тұрғыдан жақсы қамтамасыз етілуіне нақты кепілдік бере алмайды. Мамандыққа қызығушылықтың және қажетті жетістіктердің болмауы – мамандықты дұрыс таңдамаудың ең мардымсыз шығыны болып саналады.

– Білім алушының өзі туралы шынайы көзқарасын қалыптастыру;

– білім алушының кез келген еңбек саласында кәсіби табыстылығын болжау;

– кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтауын және мамандық таңдауының негізді болуын қалыптастыруға көмектесу;

– тұлғалық, қабілеттілік, бейімділік, қызығушылық және басқа да қасиеттерін есепке ала отырып білім алушының мамандық таңдауына көмек көрсету кәсіптік диагностиканың негізгі мақсаттары болып табылады [22].

Кәсіптік диагностиканың негізгі міндеттері:

1. Білім алушының осы немесе басқа мамандықты меңгерудегі тұлғалық ерекшеліктерін, икемділіктерін және қабілеттерін анықтау.

2. Таңдау жасауға көмектесу:

- оқу бағытының бейінін;

- Үлгілік оқу жоспарындағы пәндерден оқу бейінінің бағытын (5, 7-сыныптан бастап), 10-11-сыныптарда қорытынды аттестациялауды тапсыру үшін бесінші пәнді және кәсіптік білім беру ұйымдарына түсу барысында Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыру үшін екі пәнде таңдауға көмектесу. Олар өзін-өзі кәсіби анықтау барысында базалық құрамдас бөлігі болып табылады;

- қосымша білім беру үйірмелері;

- ұсынылған бағыттар бойынша мамандықтар;

- оқытудың бейіндік бағыты аясында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары және жоғары оқу орындары.

Кәсіптік диагностика анықтауға көмектеседі:

• құндылықты бағдарлар мен мақсаттар;

• таяудағы және болашақтығы өмірлік жоспарлар мен кәсіптік мақсаттар;

• мамандықтар туралы көзқарастың қалыптасу деңгейіні;

• өзін өзі бағалау деңгейінің дамуы;

• қабілеттері, икемдері мен қызығушылықтары;

• кәсіби қызығушылық деңгейінің дамуы;

- тұлғалық ерекшеліктері;
- өмірлік нақты жағдайлар (отбасылық қарым-қатынастар, денсаулық, материалдық қамтамасыз етілу және басқалар).

Педагогикалық тәжірибеде негізгі үш диагностикалық тәсіл айқындалады:

Біріншіден, бұл объективті тәсіл. Объективті тәсілді қолдану: диагностиканы жетістіктер негізінде (нәтижелілік) және іс-әрекетті орындау тәсілін жүзеге асыру арқылы жүргізуді көздейді. «Сенімділік» (немесе қайта жаңғырту, тұрақтылық) маңызды талаптар болып саналады.

Екіншіден, бұл субъективті тәсіл. Оны диагностикалау өзі туралы берілген мәліметтер, тұлғаның өз ерекшеліктерін сипаттауы, кез келген жағдаяттағы мінез-құлық негізінде жүзеге асырылады.

Үшіншіден – сыртқы бейтарап өзара әрекеттесу ерекшеліктерінің, оның белгілі екіұштылық нысан проекциясы болуына байланысты өзіне тән ерекшелігі жоқ материалдың талдауы бар жобалық тәсіл қажет [23].

Тұлғалық жеке ерекшеліктерді зерделеу түрлі тәсілдер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, яғни оқу пәндерін меңгерудегі жетістіктерін бақылау тәрізді қарапайым бақылаудан, білім алушының өзін өзі анықтауы бойынша дәстүрлі және түрлендірілген әдістер сияқты түрлі сауалнамалар қолдануға дейін. Бұл тек әкімшілікті, психологтарды, әлеуметтік педагогтарды ғана емес, сонымен қатар мұғалімдерді де қатыстыруды талап ететін өте ауқымды жұмыс.

Кәсіптік диагностиканы үш кезеңнен өткізу ұсынылады, олар:

- ерте диагностика (5-7-сыныптар);
- аралық диагностика (8, 10-сыныптар);
- тереңдетілген диагностика (9, 11-сыныптар).

Бірінші кезеңде тұлғаға тән құндылықты бағдарлары, қызығушылықтары, қажеттіліктері, икемділіктері, темпераменті, денсаулық жағдайы тәрізді ерекшеліктер зерделенеді, баланың осы немесе басқа мамандыққа белгілі бір бейімділігі және мақсат-ниеттері анықталады. Сонымен қатар, білім алушыларға оқу бағытының бейінін, үлгілік оқу жоспарының вариативті компонентінің пәндерін (5-7-сыныптардан бастап), қосымша білім берудің үйірмелерін таңдауға көмектеседі.

Аралық диагностика бұның алдында жүргізілген диагностикаларды нақтылау және түзету мақсатында жүргізіледі.

Аяқтау кезеңінде болашақ мамандық қызметін таңдау барысындағы басым қажеттіліктері мен себептері анықталады, білім алушының қорытынды аттестаттауды тапсыруы үшін бесінді пәнді (10-11-сыныптар) кәсіптік білім беру ұйымдарына түсуі үшін ҰБТ тапсыруыға қажетті бейінді екі пәнді таңдауына көмектеседі.

Кәсіптік бағдар беру мен диагностиканың барлық кезеңдерінде «Білім алушының кәсіптік бағдары картасын» толтыру ұсынылады. Кәсіптік картаны жүргізу сынып жетекшісі мен психологқа білім алушы тұлғасының қызығушылықтары мен бейімділіктерінің даму, кәсіптік бағдарының қалыптасу динамикасын қадағалап отыруға мүмкіндік береді. Кәсіптік карта білім

алушылардың кәсіптік таңдауына уақыты көмек көрсетуге, түзетулер жасауға және кәсіби кеңес беруге жағдай жасайды. Сонымен қатар, кәсіптік бағдарды одан әрі ұйымдастыру формаларын және кәсіптік диагностиканың сәйкес әдістерін анықтау үшін жыл сайын (сауалнаманың I бөлімін білім алушы өзі толтырады, II бөлімін – білім алушыға тереңдетілген деңгейде оқуға арналған пәндерді ұсынатын педагогикалық консилиум мүшелері) сауалнама-ұсыныстар кестесін толтыру қажет болады [24].

Кәсіптік диагностика әзірленген және тексеруден өткен диагностика жүйесі жолымен жүзеге асырылады.

Кәсіптік диагностика міндетті түрде арнайы әзірленген әдістердің көмегімен білім алушы оқитын мектепте өткізіледі. Кәсіптік бағдар берудің психологиялық диагностикалық әдісін қолдану барысында келесі талаптарды жетекшілікке алу қажет:

- кәсіптік бағдар беру әдістері репрезентативті (сипаттама сәйкестік), сенімді және анық; тұлғаның осы немесе басқа мамандыққа қызығушылығын және бейімділігін анықтауға бағытталған; білім алушыларға түсінікті, қолданыста қарапайым және мерзімі бойынша ұзақ емес болуы тиіс;

- тапсырмаларды ұсыну және жауаптарды өңдеу үшін қолданылатын әдісті өткізу тәртібі біртекті алгоритм түрінде берілуі, сонымен қатар тест балдарын санау және стандартқа келтірудің статистикалық негізделген әдістерін (статистикалық немесе критериалдық тест нормалары бойынша) қамтуы тиіс;

- дербес ақпарат құпия болуы тиіс.

Білім алушының кешенді кәсіптік диагностикасы келесі жұмыс түрлерін қамтиды:

– кәсіптік бағдар мақсатында тұлғаны мақсатқа бағытталған психологиялық-диагностикалық зерттеу;

– оның психологиялық портретін құрастыру;

– мамандыққа бейімділігін анықтау;

– ұсынылған мамандыққа негіздеме;

– географиялық орналасуын, жоғары оқу орындары арасындағы рейтингтегі орнын есепке ала отырып кәсіптік оқу орнын іріктеу;

– білім алушылар мен олардың ата-аналарына кәсіптік бағдар ұсыныстарын көрсету (ұсыну).

Білім алушыларды кәсіптік диагностиканы өткізуге дайындау:

1) тұлғаның психикалық ерекшеліктерін зерттеуді;

2) білім алушылардың пәндер бойынша үлгерімін талдауды;

3) білім алушылардың диагностикаға және кәсіптік бағдарға дайындығының психологиялық-педагогикалық талдауын;

4) ата-аналармен жұмыс (сауалнама жүргізу және сұхбаттар). Бұл жұмыс ата-аналардың балаларының қабілеттері мен мүмкіндіктеріне берген өз бағаларын айқындауларына және білім беру траекториясын анықтауларына мүмкіндік беруді;

5) білім алушылардың денсаулықтарының талдауын қамтиды.

Білім алушылардың кәсіптік диагностикасын бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету барлық жастар үшін кәсіптік бағдар беру бағдарламаларын, деңгейлік критериалдық аппаратты (критерийлер: кәсіптік қажеттіліктер, кәсіптік білімдер, кәсіптік іс-әрекет тәсілдері, нақты бағыттың кәсіптік маңызды сапалары, мамандықты таңдаудың дербестігі, мамандықты таңдаудың себептері) – диагностикалық құралдарыды (тестер, сауалнамалар, диагностикалық карталар) қамтиды [25].

Тренинг өткізу:

1. Білім алушыларды кәсіптік диагностиканың онлайн-тестілеуі жүйесімен және ерекшеліктерімен егжей-тегжейлі таныстыру.

2. Білім алушылар «Мен кімін?», «Маған не қажет?», «Мен не істей аламын?» және «Мен дайынмын ба?» тәрізді негізгі сұрақтарға жауап берулері тиіс. Білім алушы бұл кезеңде «Мен кім болғым келеді?» және «Мен қандай жетістікке жете аламын?» сияқты ең маңызды сұрақтарына жауап алады.

3. Кәсіптік диагностиканың ерекшеліктері. Тренер кәсіптік бағдар беру жұмысының мәнін, оның негізгі кезеңдерін, кәсіптік диагностиканы өтудің маңыздылығын түсіндіреді. Білім алушылардың кәсіптік диагностиканың онлайн-тестілеуінен өтуіне қызығушылығын қалыптастыру бұл сатының мақсаты болып табылады.

Күтілетін нәтиже:

1. Кәсіптік бағдар беру жұмысы мен кәсіптік диагностиканың маңыздылығы туралы жан-жақты көзқарас қалыптастыру.

2. Кәсіптік диагностиканы өтуге байыпты және жауапты көзқарас қалыптастыру.

Он-лайн режиміндегі кәсіптік диагностика

Мектеп оқушыларының арасындағы кәсіптік диагностика жүйесі тұлғалық сипаттамаларды, психологиялық ерекшеліктерді, сонымен қатар білім алушылардың кәсіптік бағдарын ескере отырып бейінді пәнді, мамандықты анықтауға бағытталған.

Диагностиканың қорытындысы бойынша білім алушы:

- интеллектуалдық даму деңгейінің көрсеткіштерін түсініктемелерімен және ұсыныстарымен бірге;

- табысты қарым-қатынас құру бойынша ұсыныстармен бірге, күшті және әлсіз жақтарын көрсету арқылы тұлғаның психологиялық портретін;

- тұлғаның «кәсіби» портретін (мамандыққа бейімділігін, баланың осы немесе басқа іс-әрекет түрлеріне қызығушылығын, оның құндылықты бағдарын) алады.

Кәсіби қажеттіліктер, кәсіби білім, кәсіптік іс-әрекет тәсілдері, кәсіби маңызды сапалар, мамандық таңдаудың дербестігі, мамандық таңдаудың себептері білім алушылардың кәсіби бағдарының кәсіптік диагностикасының критерийлері болып табылады. Кәсіптік диагностика өткізу қазіргі заманғы еңбек нарығының қажеттіліктерін, кәсіптік ағарту нәтижелерін, жеке ерекшеліктерді барынша есепке алу мүмкіндігін береді [26].

Кәсіптік диагностиканы аяқтау барысында психологтың жеке кеңесін, мамандық таңдау бойынша кеңес беру, колледж бен жоғары оқу орнын таңдау мен түсу бойынша кеңестер өткізу қажет.

Психологтың жеке кеңестері – бұл психологтың кәсіптік диагностика тесттерінің нәтижелерін түсіндіруі және білім алушыға кәсіптік диагностика нәтижелерінің негізінде тестіленушінің психологиялық, психофизиологиялық, физиологиялық ерекшеліктеріне неғұрлым сәйкес келетін кәсіптік іс-әрекеттің болжамды бағыты туралы ұсыныстарды көрсетуі.

Білім алушылардың бейінді пәнде және кәсіптік бағдарын таңдауына көмектесетін кәсіптік диагностиканың онлайн-тестілеуінің нәтижелерін талдау жасау мен түсіндіру және алынған нәтижелерді жан-жақты сараптау психологтың білім алушылармен жеке кеңестер өткізу жұмысының мақсаты болып саналады.

Міндеттер:

1. Тұлғалық-бағдарлы психологиялық жеке кеңестер өткізу.
2. Алынған нәтижелерді неғұрлым жеткілікті түрде ашу түсіндіру.
3. Бейінді пәнді және оқу бағытынын бейінін таңдаудағы саналылық пен жауапкершіліктің маңыздылығының психологиялық негіздемесі.

Психологпен кеңестің нәтижесінде білім алушының бойында:

1. ҰБТ тапсыру үшін бейінді пәнді саналы және біржола;
2. кәсіптік бағдарды саналы түрде таңдау;
3. білім алушының мамандық таңдаудың маңыздылығы туралы түсінігі қалыптасады.

Мониторингтің нәтижелерін пайдалану білім алушылардың кәсіптік бағытын анықтау жұмысының тиімділігін жоғарылатуға, осы саладағы өзгерестірді уақытылы қадағалап отыруға, мектептің әр түлегіне одан әрі білім алу траекториясын жоспарлау бойынша нақты ұсыныстар жасауға жағдай жасайды. Кәсіптік диагностиканың нәтижелерінің негізінде әзірленген сәйкес ұсыныстар әр білім алушының портфолиосына салынады.

Аймақтың еңбек нарығының талаптары және сұранысқа ие мамандықтар базасы контекстінде алынған нәтижелердің талдауы білім алушылардың кәсіптік қызығушылығын қалыптастыруға әсер етуге жағдай жасайды.

Бейіналды дайындық және бейіндік оқытуға кіру білім алушылардың нақты қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға ықпал етеді. Білім алушылардың сұранысқа неғұрлым ие мамандықтарға кәсіптік бағдарын диагностикалауда бейінді сыныптарды құрудағы диагностика жүргізу жұмысы маңызды рөл атқарады [21]. Бұнда білім алушының болашақтағы бейінін таңдауының және білім алу әрекетінің табысты болуына қызығушылығын, бейімділігін, қабілетін және басқа да жеке ерекшеліктерін анықтау диагностикасы көмектеседі. Сонымен қатар, білім алушының оқу бейінін өздігінен таңдауға дайындық диагностикасы, өздігінен білім алуының және кәсіптік бағдарының негізгі кезеңі ретінде қызмет атқарады.

Кәсіптік диагностика кәсіптік бағдар мен бейінді оқыту жүйесімен өзара әрекеттесу арқылы, республиканың кадрлық әлеуетінің болжамды

арақатынасын орнату факторы болып табылады. Ол мектеп оқушыларының өзін-өзі кәсіптік анықтауы мен жүзеге асыруының табысты болуы шарттарының бірі болып саналады.

Кәсіптік кеңес білім алушылардың кәсіптік диагностикасының нәтижелеріне негізделеді. Оны тұлғаны жеке зерделеуге негізделген және мақсатты психологиялық-педагогикалық әсер етуді қамтитын мамандықты саналы түрде таңдауына дайындық барысында білім алушыларға өзін өзі кәсіптік анықтауына көмек көрсету шараларының жүйесі ретінде анықтауға болады. тұлғаның физикалық және психологиялық ерекшеліктерін (жалпы және кәсіптік қызығушылықтары, қабілеттері, жалпы және арнайы дайындығы), сонымен қатар, еңбек нарығының құрылымы мен динамикасын (аталған мамандық иесіне қойылатын медициналық және психологиялық талаптар, кері пікірлер, еңбекке орналасу және оқыту мүмкіндігі) талдау негізінде жүзеге асырылады [27].

Кәсіптік кеңес беру жұмысында негізгі екі кезеңді атап көрсетуге болады:

– білім алушылардың мамандықты саналы түрде және дұрыс таңдауына әкелетін (5-7-сыныптар), кәсіптік ерте диагностиканың нәтижесі бойынша алдын-ала өткізілетін кәсіптік кеңес;

– аралық кеңес (8, 10-сыныптар);

– тереңдетілген кәсіптік диагностиканың нәтижелері бойынша өткізілетін қорытындылаушы кәсіптік кеңес, бұл жұмыс жалпы білім беретін мектептердің 9-шы және 11-сынып білім алушыларының қызығушылығына, бейімділіктері мен психологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес мамандық таңдауына бағытталған көмек көрсету.

Кәсіптік кеңес берудің барлық кезеңдерінде мектеп психологы келесі жұмыс түрлерін жүргізеді:

- білім алушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктерін, тұлғаның бағыттылығын, кәсіптік бастапқы мақсаттарын және олардың динамикасын анықтау;

- әлеуметтік мақсаттарды анықтау және олардың қалыптасуына көмек көрсету;

- таңдау уәждемесін және оның құрылымын анықтау;

- өзін-өзі талдау мен бағалау дайындығын, өздігінен әрекеттенудің нақты деңгейін қалыптастыру;

- қабілеттерінің айқындығын және құрылымын анықтау;

- тұлғаның жан-жақты даму деңгейін, өмір сүру салтының байқалуының динамикасы мен нұсқалығын, іс-әрекетінің мүмкін «құнын» (даулылық, шиеленушілік, қобалжушылық, мүмкіндіктері мен олардың іске асуы, тұрақтылық пен қажырлылығы, мақсаттылығы және т.б.) анықтау;

- «тұлғаның бейініне» және кәсіби талаптарға сәйкестік дәрежесін анықтау, білім алушының кәсіби мақсатарына түзетулер енгізу;

- кәсіптік бағытын анықтауға көмек көрсету мақсатында білім алушылармен және ата-аналармен кеңестер өткізу, сонымен қатар кәсіптік диагностиканың нәтижелері негізінде олардың психологиялық,

психофизиологиялық, физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келетін кәсіптік іс-әрекетінің болжалды бағыттары туралы ұсыныстар беру;

- кәсіптік өзін-өзі анықтау бойынша білім алушылардың өздігінен іс-әрекет жасауға ынталандыру;

- білім алушының ата-анасымен сауалнама өткізу, оның барысында балаға байланысты күтілетін үміттер немесе олардың болашақта өз баласынан нені күтетіндіктері, қандай кәсіптік құндылықтарды көретіндіктері анықталады;

- білім алушының тереңдетілген интервьюі, сұхбаттасу барысында оның жасырын мақсаттары/ қажеттіліктері/ құндылықтары, мектепте оқу ерекшеліктері (неғұрлым қызықты пәндері) анықталуы мүмкін.

Мамандық таңдау бойынша кеңестер нақты мамандық бойынша дайындықты жүзеге асыратын колледждер мен жоғары оқу орындарының өкілдерінің қатысуымен өткізіледі. Білім алушы өзінің бейін бағытына қатысты мамандықтар бойынша презентацияны тыңдайды, колледждер мен жоғары оқу орындарының өкілдерінің өткізетін интерактивті сессиясына қатысады және мамандықтардың сипаттамасы бар таратпа материалдар алады.

Кәсіптік білім беретін ұйымдарды таңдау бойынша кеңестің басты міндеттері:

1. Білім алушыларға және олардың ата-аналарына білім беру ұйымын анықтауларына көмек көрсету, бұл олардың таңдаған мамандықтарына байланысты мүмкіндіктерін жүзеге асыруларына және осы немесе басқа салада неғұрлым жан-жақты білім алуларына көмектесу;

2. Техникалық және кәсіби білім ұйымын және жоғары оқу орнын таңдау критерийлерімен түпкілікті танысу;

3. Білім алушылардың келешекте оқитын білім ұйымын тияқты және саналы таңдауларын анықтау болып табылады.

Техникалық және кәсіби білім ұйымына және жоғары оқу орнына түсу бойынша кеңестер кәсіптік бағдар беру бойынша барлық іс-әрекеттің негізгі және аяқтаушы кезеңі болып табылады, ол бұл әдістің тиімділігін жекелеген мысалдарда қадағалауға көмектеседі.

Кеңестер өткізудің барысында білім алушыларды оқуға түсудің типтік ережелерімен, яғни таңдаған техникалық және кәсіптік білім ұйымына немесе жоғары оқу орнына құжаттарды тапсыру, мемлекеттік грант және басқа да жеңілдіктерді алу конкурсына қатысу мерзімдері мен талаптарымен таныстыру қажет.

Мемлекеттік органдардың, мектептердің, колледждердің, жоғары оқу орындарының және басқа да әлеуметтік институттардың қызметін бақылау мақсатында, білім алушыларды диагностикалаудың және кәсіптік бағдарының тиімді жүйеі үшін сұранысқа ие мамандықтардың кешенді жүйесін әзірлеу қажет.

Білім алушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысына мектептің педагогикалық ұжымын толық қатыстыру, сонымен қатар әр мұғалімнің нақты қандай іс-әрекетке жауап беретінін алдын-ала анықтап алу қажет.

Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары:

- шешім шығаруды келісу және іс-әрекетті түзету мақсатында білім алушылардың өзін-өзі анықтауына көмек көрсетуге жауапты субъектілердің өзара әрекетінің стратегиясын әзірлеу;

- жалпы білім беретін ұйымдардың негізгі орта және жалпы орта метеп білім алушыларының өзін-өзі анықтауларына әсер ететін әлеуметтік серіктестермен байланыс жасауына қолдау көрсету;

- білім беру ұйымының тұжырымдамасына және білім беру бағдарламасына сәйкес білім алушылардың кәсіби және мамандық бойынша өзін-өзі анықтауына дайындығын қалыптастыру бойынша педагогикалық ұжымның жұмысын жоспарлау;

- бұл бағыт бойынша педагогикалық ұжымның іс-әрекетін талдауды және түзетулер енгізуді жүзеге асыру (білім алушылардың өзін-өзі анықтауына бағытталған: кәсіптік ағарту, кәсіптік кеңес, кәсіптік диагностика, білім алудың жеке траекториясын анықтау бойынша кәсіптік диагностика, яғни оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру жүйесі бойынша пән мұғалімдеріне, сынып жетекшілеріне кеңес);

- жоғары сынып оқушыларының бейіналды дайындығы, бейінді оқуы және өзінің кәсіптік бағдарын анықтауы мәселелері бойынша педагогикалық кеңестер, өнеркәсіптік жиналыстар өткізу;

- дарынды балалардың түрлі деңгейдегі пән олимпиадаларына қатысуларын ұйымдастыру;

- сынып жетекшілерінің, пән мұғалімдерінің, мектеп психологының білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтауы мәселесі бойынша біліктілігін арттыру жүйесін ұйымдастыру;

- сынып жетекшілерінің, пән мұғалімдерінің, мектеп психологының бақылаушылық жұмысын жүзеге асыру;

- білім алушылардың бейіналды дайындығы және бейінді оқыту жүйесіндегі сабақтарын ұйымдастыру;

- кәсіби бағдарлы курстар және кәсіптік сынақтар ұйымдастыру;

- бейіналды дайындық («Сенің кәсіби өсу жолың») және бейінді оқыту («Кәсіби жетістік технологиясы») барысында кәсіптік бағдар беру курстарына жетекшілік ету.

Сынып жетекшісі:

- нақты сынып (топ) үшін оқушылардың танымдық, шығармашылық белсенділігін арттыратын түрлі формаларды, әдістерді, құралдарды қамтитын білім алушылардың өзін-өзі анықтауын қолдаудың педагогикалық жоспарын құрастырады;

- кәсіби бағдар беру бойынша жеке және топтық әңгімелесулер, пікірталастар, конференциялар ұйымдастырулар;

- білім алушылардың икемін анықтауға (бақылаудың, сауалнаманың, тесттерең деректерін білім алушының жеке картасына жазып отырады) психологиялық-педагогикалық жетекшілік жасайды;

- білім алушыға білім алудың жеке траекториясын жобалауға, бейінді оқыту мен кәсіптік қалыптасу нұсқаларын модельдеуге, жеке жетістіктеріне талдау жасауды жүзеге асыруға, жеке портфолиосын құрастыруға көмектеседі;
- білім алушылардың жоғары оқу орындары мен кәсіптік орта білім беру ұйымдарында өтетін ашық есік күндеріне баруларын ұйымдастырады;
- білім алушылардың өнеркәсіптерге тақырыптық және кешенді экскурсияларын ұйымдастырады;
- өзін-өзі анықтау мәселелері бойынша білім алушылармен және олардың ата-аналарымен сауалнама жүргізу бойынша мектеп психологына көмек көрсетеді;
- білім алушылардың бейінді және өзін-өзі кәсіптік анықтауына дайындығын қалыптастыру мәселесі бойынша ата-аналар жиналыстарын өткізеді;
- білім алушылардың мектеп түлектерімен – жоғары оқу орындарының, кәсіптік орта білім беру ұйымдарының студенттерімен кездесулерін ұйымдастырады.

Пән мұғалімдері:

- жобалық іс-әрекетті, іскерлік ойындарды, семинарларды, дөңгелек үстелдерді, конференцияларды, пәндік апталарды, олимпиадаларды, факультативтік курстарды, қабырға газеттері сайыстарын, шығармаларды және тағы басқа түрлі әдістер мен құралдарды қолдану арқылы мектеп оқушысы тұлғасының танымдық, шығармашылық қызығушылығының дамуына жағдай жасайды;
- сабақтың кәсіптік бағдар беру бағытын қамтамасыз етеді, білім алушылардың бойында жалпы еңбек, кәсіптік маңызды дағдылар қалыптастырады;
- білім алушылардың өзіне саналы, дұрыс баға беру дағдысын қалыптастырады;
- білім алушылардың бейімдері мен қабілеттерін анықтау бойынша бақылаулар жүргізеді;
- оқу бағдарламаларын сыныптың бейініне, білім алушының ерекшеліктеріне байланысты бейімдейді.

Кітапханашы:

- мұғалімдерге кәсіптік бағдар беруге және білім алушыларға мамандық таңдауға көмек көрсететін әдебиеттерді іріктейді (оқу жылы бойынша);
- білім алушылардың оқырмандық қызығушылығын зерделейді және оларға мамандық таңдауға көмектесетін әдебиеттер тізімін ұсынады;
- мамандықтар туралы әдебиеттер көрмесін және мамандық таңдау тақырыбына байланысты оқырмандардың пікірталас-конференцияларын ұйымдастырады;
- әдістемелік материалдарды, аймаққа қажетті мамандықтар туралы анықтамалық деректерді және басқа да қосымша материалдарды (фотосуреттер, газет-журналдардағы деректердің қиындыларын, схемалар, аңдатпалар, бағдарламалар, мамандықтардың сипаттамалары) жинақтайды және жүйелейді,

- шаруашылық салаларының мамандықтары бойынша әрдайым әдебиеттер көрмесін ұйымдастырады (машин жасау, көлік, құрылыс, өнер әлемі және т.б.).

Әлеуметтік педагог:

- тәуекел тобындағы балаларға олардың мамандық және өмірлік таңдауын жүзеге асыру барысында педагогикалық қолдау көрсетеді;

- білім алуға қатысушылар үшін әлеуметтік мәселелер бойынша кеңестер өткізеді;

- мектеп оқушысының өзін-өзі анықтауы процесін қиындататын әлеуметтік факторларды талдау мен бағалау барысында сынып жетекшісіне көмек көрсетеді.

Педагог - психолог:

- білім алушылардың кәсіби қызығушылығы мен бейімділіктерін зерделеу жұмыстарын ұйымдастырады;

- білім алушылар мен олардың ата-аналарының арасында сауалнама жүргізу арқылы оқушылардың бейінді және кәсіптік өзін-өзі анықтауына дайындық мониторингін жүзеге асырады;

- білім алушылардың кәсіптік бағдары бойынша тренинг-сабақтар өткізеді;

- таңдау тақырыбы бойынша ата-аналар мен мұғалімдер үшін психологиялық ағарту жұмыстарын, әңгімелесулер өткізеді;

- білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып психологиялық кеңестер өткізеді;

- мектеп оқушыларының бойында өзін-өзі саналы бағалау дағдысының қалыптасуына жағдай жасайды;

- білім алушылардың ата-аналарын өз мамандықтарымен таныстыру үшін оқушыларды алдында сөйлеуге шақырады, сонымен қатар оларды үйірме жұмыстарын жүргізуге қатыстырады;

- білім алушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктерін талдау және бағалау жұмысында сынып жетекшісіне көмек көрсетеді;

- кәсіптік диагностика бойынша деректер базасын құрастырады.

Медицина қызметкері:

- түрлі формаларды, әдістерді, құралдарды қолдану арқылы білім алушылардың бойында салауатты өмір салтының қалыптасуына жағдай жасайды;

- білім алушылармен кәсіптік өсудің табыстылығы мен адамның денсаулығының өзара байланыстылығы туралы сұхбаттар өткізеді;

- денсаулық жағдайының кәсіптік өсуге әсері мәселелері бойынша кеңестер береді;

- сынып жетекшісіне, мектеп психологына және әлеуметтік педагогқа білім алушылардың іс-әрекеттеріне талдау жасауға көмек көрсетеді.

Жалпы білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша қызметтер ұйымдастыру білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтаудың жүйелі тәсілінде, оның компоненттерінде маңызды рөл атқарады [28].

Орта білім беру ұйымдарының білім алушыларының неғұрлым сұранысқа ие мамандықтардың диагностикасы және кәсіптік бағдары көпаспектілі сипатқа ие, бұл мектептің барлық құрылымдық бөліктерінің қызметін біріктіруді, сонымен қатар білім берудің техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындары тәрізді қосымша ресурстарын тартуды көздейді. Жұмыспен қамту орталықтары, кәсіпорындар, кәсіптік бағдарды анықтау компаниялары барлық серіктестердің ресурстарын біріктіретін, желілік өзара қатынас, яғни білім берудің біріккен кеңістігін құрады. Сонымен қатар, жалпы орта білім беретін мектептің жоғары сынып білім алушыларының кәсіптік бағдарын анықтау жұмысы тәжірибеге бағытталған сипатқа және техникалық-кәсіптік білім беру ұйымдарын және жоғары оқу орындары мен кәсіпорындарды – әлеуметтік серіктестердің өзара қарым-қатынасы арқылы оқытудың қолданбалы бағыттылығына ие екенін ескеру қажет.

Мектепті құрылған желінің негізгі субъектісі ретінде санау қажет, ол бірыңғай білім беру кеңістігінің координаторы болып табылады, сонымен қатар теориялық оқыту мен білім алушылардың арнайы оқу-өндірістік іс-әрекеттерінің бірлігін қамтамасыз ете отырып, білім беру ұйымдары мен өнеркәсіптің ресурстарын біріктіреді.

Білім алушылардың кәсіптік бағдары үшін желілік қызметте аймақтың кәсіпорындары, сұранысқа ие және болашағы бар мамандықтар мен білім алудың жеке кәсіптік-оқу бағытын құру мүмкіндігін қамтамасыз етуге қажетті кәсіптік білім беру ұйымдары туралы деректердің біртұтас ақпараттық базасы құрылады. Білім алушыларды түрлі салаларда сұранысқа ие мамандар, олардың кәсіптік іс-әрекеттерінің түрлері, еңбек нарығының даму болашағы, жеке білім алу-кәсіптік бағытын құру мүмкіндіктері туралы хабардар етудің біртұтас ақпараттық кеңістігі құрылады [29].

Білім алушылардың кәсіптік бағдарын ұйымдастырудың бұндай желілік моделі оның барлық қатысушыларының өзара тиімді серіктестік құруға, оқушылардың өмір бойығы үздіксіз білім алуларына, әр баланың жеке қабілеттерінің дамуына мүмкіндік береді. Олардың тиімділігі білім алушылардың бағдары, саналы таңдау жасаулары мен еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға дайындалулары үшін жағдай жасайды. Кәсіптік бағдар берудің ұсынылған жүйесі қосалқы қаржыландыруды талап етпейді, яғни үнемді және тиімді.

Болашақ мамандықты таңдаудың саналылығы мен қажеттілігін қалыптастыруға сүйенетін, әлеуметтік серіктестік жағдайындағы білім алушылардың арасындағы мақсатқа бағытталған кәсіптік бағдарды анықтауға арналған жұмыс негізгі факторлардың барлық жүйесін терең білуге сүйенеді, яғни:

- сыныптағы білім алушылардың түрлі іс-әрекет түрлеріне/мамандықтарға қызығушылығын анықтауға арналған сауалнама;
- тұлғалық қызығушылықтарды, қабілеттерді және ерекшеліктерді зерделеу мақсатындағы кәсіптік бағдарды анықтау тесті;
- топтық және жеке кәсіптік кеңес беру;

- түрлі жастық санаттағы білім алушыларды жекелеген проблемалық жағдаяттар диагностикасына байланысты тестілеу және кеңес беру;
- кәсіби өсу жоспарын құрастыру бойынша кеңестер;
- кәсіптік бағдарды анықтау жұмысының барлық кезеңдерін өтудің маңыздылығын ашу бойынша тренингтер;
- кәсіптік-бағдарлы курстар;
- кәсіптік байқаулар;
- еңбек заңнамасы саласындағы, еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі саласындағы жастардың құқығы туралы кеңестер.

Мектептің түрлі деңгейдегі кәсіптік білім беру ұйымдарымен өзара қарым-қатынас жасауының бағыттарын келесі ретпен анықтауға болады:

- терең және арнайы білім негізіндегі мектептің міндеттерін шешудегі мектеп пен кәсіптік білім берудің өзара байланысы;
- болашақ кәсіптік білім алуға дайындық үшін білім алушылардың кәсіптік бағдарын және өзін-өзі анықтауы;
- білім мазмұнын бейінді пәндерді оқуға бағыттау;
- факультативтік сабақтар мен білім алушылардың өздігінен білімін жетілдірулері үшін бірлескен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу.

Түрлі деңгейдегі кәсіптік білім беру ұйымдарының міндеттері келесідей болуы тиіс: еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар мен кәсіптерді үгіттеу; білім алушылардың кәсіптік диагностикасы, кәсіптік бағдарларын анықтау және өзін-өзі анықтауы; білім алушылардың бейімділіктерін, қабілеттерін және кәсіби қасиеттерін зерделеу және дамыту мақсатында тренингтер, факультатив сабақтар, курстар өткізу және олардың кәсіптік мүмкіндіктері, еңбек іс-әрекетінің түрлері туралы ақпарат беру [29].

Түрлі меншік формаларындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың іс-әрекетінің бағыттары келесідей болуы тиіс: бәләм алушылардың кәсіптік бағытын анықтау жұмысына және диагностикасына қатысу, олардың мамандыққа қызығушылығын дамыту; мектеп оқушыларының өнеркәсіп базасында еңбекке араласуын ұйымдастыру, кәсіптік кеңес беру мен ағарту іс-әрекетін жүзеге асыру.

Еңбекпен қамту орталықтарының қызметі білім алушыларға еңбек нарығындағы жағдай, қажетті мамандықтар және оларды дайындайтын білім беру ұйымдарының бағыттары, сұранысқа ие қызмет түрлерінің біліктілік талаптарының мазмұны және кәсіби өсу мүмкіндіктері; туралы кәсіби ақпарат беруді, сонымен қатар білім алушылардың кәсіби диагностикасы мен жеке және топтық кәсіби кеңестер беруді ұйымдастыруды болжайды.

Еңбек нарығын зерттеуден алынған деректер білім алушылардың сұранысқа ие мамандықтарға кәсіби бағдарын анықтаудағы мектептердің іс-әрекетін жоспарлаудың негізін құрайды.

Жұмыс берушілер білім алушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысына қатысады, олар мамандардың өнеркәсіп жағдайындағы іс-әрекеттерінің түрлерін көрсете отырып, білім алушылардың алғашқы кәсіптік білім, білік және дағдылар алулары үшін өздеріндегі бар ресурстарды ұсынады.

Кәсіптік білім беру ұйымдарымен, әлеуметтік қызметтермен және кәсіпорындармен әлеуметтік серіктестік еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар мен кәсіптердің негізін зерделеуге бағытталған кәсіби-бағдарлы курстардың кең ауқымын әзірлеуге және жүзеге асыруға әсер етеді [30].

Желілік модель жағдайында білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтау мектеп бағдарламасының базалық компонентін қосымша білім берудің вариативтік бөлімімен біріктіруді көздейді. Вариативтік бөлім мектеп оқушыларының өзін-өзі кәсіби анықтауы және жүзеге асыруы үшін қажетті алғашқы білім мен дағдыларды қабылдауы олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға, білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтауға бағытталған таңдау бойынша кәсіптік-бағдарлы курстармен толықтырылады.

Мектеп оқушыларының өзін-өзі анықтауының түпкілікті болуы және олардың қызығушылығын арттыру үшін әр білім алушының жеке қатысуын және көрсетілімдермен қатар жүруін талап ететін баяндама, тақырыпқа тереңдеп ену, кәсіпорындарға экскурсиялар тәрізді сабақтардың түрлерін өткізу тәжірибесі қолданылады. Бұл білім алушылардың кәсіптік іс-әрекеттің шарттары мен мазмұнын жақсырақ түсінуіне көмектеседі.

Үлгінің ақпараттық-уәждемелік компоненті мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтауды, ал мазмұнды бөлімі – кәсіптік іс-әрекеттің нақты саласында қажетті тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтау үлгісінің мазмұнды компонентінің құрамына базалық компонент, вариативті бөлім, қосымшы білім беру мен психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етуді қамтиды.

Вариативті бөлім мен қосымша білім беруді (кәсіпорындардағы оқу-тәжірибелік сабақтар) мұғалімдер кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушыларымен және өнеркәсіп орындарының қызметкерлерімен бірлесіп, бекітілген сабақ кестесі бойынша және оқытудың түрлі формаларын қолдану арқылы өткізеді. Білім алушыларды қарқынды оқыту үшін аудиторялық жұмыстар мектепте, сонымен қатар әлеуметтік серіктестердің базалық алаңдарында ұйымдастырылады, ал оқу-тәжірибелік сабақтар, зерттеушілік және жобалық іс-әрекеттер жұмысшы мамандығы орталықтарында, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, жоғары оқу орындарында және аймақтың бейінді кәсіпорындарында жүзеге асырылады. Білім алушылардың тілегі бойынша теориялық дайындық қашықтықтан оқыту аясында да болуы мүмкін.

Таңдауы бойынша кәсіптік-бағдарлы курстардың аясы бірінші кезекте білім алушылардың әлеуетті мүмкіндіктерін ашуларына көмектесу мақсатында олармен жүргізілген сауалнамаларының, тестдің нәтижелері бойынша (қызығушылықтары, қабілеттері, икемділіктері) жүзеге асырылады. Бұдан әрі торап субъектілерінің біріккен отырыстарында, жүзеге асыруға жоспарланған әр курстың мазмұны мен бағыты талқыланады.

Бейіннің тиімділігі (бейінділік еңбек нарығында сұранысқа ие болуы тиіс) мақсатында оның бағыттылығы жұмыспен қамту орталығымен (әлеуметтік

қызметтер) келісіледі, ал кәсіпорын өкілдері нақты бағыттың мазмұны және мамандарға сұранысы бойынша кадрларды алдын ала дайындау үшін түзетулер енгізеді. Кәсіптік-бағдарлы курстар білім алушыларға аймақтың (облыстың) әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі проблемаларын; мамандықтың ерекшеліктерін зерделеуге; кәсіби сынақтар орындауға; ұйымдастырушылық және өзіндік іс-әрекеттің дағдылары мен біліктерін жетілдіруге; мамандықтар әлемі түрлерінің іс-әрекеттерімен танысуға көмектеседі. Теориялық және практикалық сабақтар білім алушылардың өздік жұмыстары оқытудың негізгі әдістері, ал топтық және жеке сабақтар оқытудың формасы болуы тиіс; мектеп оқушыларын кәсіптік сынақтарға дайындау мақсатында өнеркәсіптік оқытуды да қолдануға болады.

Кәсіптік-бағдарлы курстардың мазмұны келесідей құрыстырылған: әр білім алушы курстың белгілі бір кезеңін, мысалы, теориялық бөлімінде материалды меңгеру деңгейін, пәндік құзыреттілігін анықтау үшін өзіне-өзі диагностика жасай алады (компьютерлік арнайы курстар). Кәсіптік-бағдарлы курстар білім алушылардың кәсіби бағдарға қажетті бейінді пәнді тереңдетіп оқытуды және зерттеушілік дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Кәсіптік-бағдарлы курстар білім алушылардың қызығушылығына және бейіміне сәйкес еңбек іс-әрекетіне қажетті білім, білік және дағдыларды алуын, әлемде сұранысқа ие мамандықтарға бағдарлануларын, өзін кәсіби тұрғыдан анықтауындағы танымдық белсенділігін, «Мен – маманмын» образын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Кәсіби сынақтар кәсіптік-бағдарлы курстарды ұйымдастыру мен өткізудің тиімділігінің нәтижесі болып табылады [29].

Кәсіби сынақтар кәсіптік іс-әрекеттің нақты түрінің элементтерін модельдейді және білім алушылардың нақты еңбекке деген өздерінің тұлғалық қабілеттерін ашуға және қолдануға бағытталған. Осының бәрі білім алушының таңдаған мамандығына дайындық деңгейін анықтауға және болашақ мамандығын таңдауы бойынша саналы шешеім қабылдауына мүмкіндік береді.

Кәсіптік сынақ өткізу барысында сараптаушы рөлінде тек мұғалімдер ғана емес, сонымен қатар жұмыс берушілер де, техникалық-кәсіптік білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарының өкілдері де қатысады.

Осылайша, аталған үлгіні жүзеге асыру келесі шарттарды құру барысында жетістікті бола алады:

- «мектеп – ТЖКБ – жоғары оқу орны – өнеркәсіп» түріндегі бірыңғай білім беру кеңістігі жағдайындағы кәсіптік бағдарды анықтауды ұйымдастыру;
- оқу процесіне вариативтік бөлімді қамтитын оқу-өндірістік тапсырмалар кешенін енгізу (кәсіптік-бағдарлы курстар);
- білім алушыларға кәсіптік ақпаратты, кәсіптік диагностиканы, кәсіптік кеңесті және эвристикалық іс-әрекетті қамтитын психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Білім алушылардың болашақ мамандығын таңдауға дайындығын анықтау критерийлері келесідей болады:

- кәсіптік білім беру ұйымдарында оқуға құндылықты бағдарды қалыптастыру ретінде мектептегі білім алуға саналы көзқарас қалыптастыру;

- «мектеп – техникалық-кәсіптік білім беру ұйымдары – жоғары оқу орындары – кәсіпорын» траекториясы бойынша мектептен кейінгі білімді жалғастыру мәнмәтініндегі кәсіптік білімнің құндылықты бағыттарын қалыптастыру;

- болашақта кәсіптік білім алу барысында тұлғалық және кәсіби мақсаттарды жүзеге асыру.

Білім беру ұйымдары мен жұмыс берушілердің арасындағы ынтымақтастықтың болмауы білім алушының нақты мамандықтардың қоғам үшін маңыздылығын бағалауға мүмкіндік бермейді.

Кәсіптік білім беру ұйымдарымен, әлеуметтік қызметтермен және кәсіпорындармен әлеуметтік серіктестік жалпы білім беретін ұйымдардың түлектерінің бойында кәсіби болашақ, сұранысқа ие мамандықтарға бағдар және кәсіби өсуді жоспарлауды қалыптастыру үшін жағдай жасайды [31].

Бүгінгі күні жоғары сыныптардың білім алушылары өзін-өзі кәсіби анықтауда үлкен қиындықтарға кезігеді. Себебі олардың еңбек нарығы, мамандықтар әлемі, мамандардың тұлғалық қасиеттеріне және кәсіби дайындығына қойылатан талаптар, жұмыс пен жұмыс берушілердің шарттары, сонымен қатар мамандықты таңдау барысында нені ескеру қажеттігі туралы көзқарастарының қалыптаспауында.

Осыған байланысты жалпы білім беретін ұйымдардың білім алушыларының кәсіптік бағдарын анықтау және бағыт берудің қазіргі кездегі жүйесі болашақ оңтайландыруды «қажетсінеті» сөзсіз:

- кәсіптік диагностиканы тұлғаның кәсіптік іс-әрекеттің бір немесе басқа түріне бағытталуын анықтау және өлшеу рәсімі ретінде жетілдіру;

- білім алушылардың болашақ мамандығын саналы немесе кездейсоқ таңдауын ескере отырып, олардың кәсіптік бағдарын анықтау мен бағыт беру жұмысына саралау тәсілін қолдану;

- 1-11-сынып білім алушыларымен жүргізілетін кәсіптік бағдар жұмысының бірізділігін қамтамасыз ету.

«Білім алушылардың әр жас деңгейіне арналған кәсіптік бағдардың минималды тізбесін қамтамасыз ететін шаралар кешені» қажет, олар мамандықтарға бағдар жасаудың ағымдағы міндеттерін шешумен қатар, болашақ кәсіби маман тұлғасының қалыптасуына, экзистенционалдық проблемаларды шешуге (өзін-өзі тану, өмірдің мәнін іздеу, тұлғалық бірегейлікке қол жеткізу) қолдау көрсетуге, уақытша келешекті, мақсат қою қабілетін дамытуға ықпал етуі тиіс.

Кәсіптік бағдар жүйесін жетілдіру міндетінің өзектілігі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүйесін әзірлеуді және қолдануды талап етеді, ол бір жағынан диагностиканы, кеңес беру жұмысын, тренингтерді және басқа да жұмыс түрлерін кіріктіреді еді, екінші жағынан барлық субъектілерге: білім алушыларға, ата-аналарға, педагогикалық ұжымға көмек көрсетуді қамтыр еді. Мазмұны жағынан бұл жүйе саналы да жауапты таңдау жасау қабілетін

қалыптастыруды қамтамасыз етуі, ал өзінің өмір жолын жобалау қабілеті назарда ұсталатын мәселе болуы тиіс.

Орта білім беру ұйымдарының білім алушыларының сұранысқа неғұрлым ие мамандықтарға диагностикалаудың және кәсіптік бағдар анықтаудың тиімділігі көбінесе білім беру процесін басқарудың ұйымдасқан жүйесіне тәуелділігіне байланысты.

4 7-11-сынып білім алушыларының кәсіптік диагностикасын жүргізу формалары және әдістері

Қатысушылардың санына қарай диагностиканың келесі формалары мен және кәсіптік бағдар берудің бағыттары ажыратылады:

– жекелей, нақты оқушымен, мысалы, әңгіме, кеңес, жекелей диагностика;

– топпен жұмыс істеу, мысалы, сабақ, ойын, әңгіме, топтық диагностика, семинар, тренинг;

– жалпылама – білім алушылардың үлкен тобымен, мысалы, кәсіби ақпараттық мектепаралық іс-шара, он-лайн режиміндегі сынақ түрінде, кәсіби білім беретін ұйымдар презентациясы, жәрмеңкелер, форумдар, кәсіби сынақтар және т.б.

Сондай-ақ, кәсіптік бағдар берудің пассивті формалары. (білім беру бағыты): әңгімелер, лекциялар, бейнероликтер, оқушыларға арналған кәсіби кеңес беру, ата-аналарға кеңес беру (мұғалімдер, психологтар, кәсіби кеңесшілер), «мамандықтар жәрмеңкесіне» қатысу, аудан және қаланың «білім беру картасымен» танысу, «Сенің кәсіби болашағың?» стендін безендіру, білім алушылардың шығармашылық жұмыстары көрмесі.

Диагностикалық зерттеу адамның кәсіби жетілуінің негізгі параметрлерін қазіргі күйі мен даму дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Нәтижесі білім алушылардың өзін-өзі тану мен өзін-өзі жетілдіруге талпынысын арттыру үшін қолданылуы мүмкін, сондықтан өмірлік және кәсіби жоспарларын құрған кезде оқушы өзінің жеке психикалық ресурстарын көбірек ескереді.

Жеке тұлғаның қызығушылығын анықтау арнайы сауалнама, сұрау, оқушының іс-әрекетін бақылау, сабақтағы мінез-құлқын бейнежазбасы, қоңыраудан бақылау және талдау, кітапхана формулярын оқып-үйрену, оқушының, ата-анасының және пән мұғалімдерінің таңдаулы іс-әрекеттер туралы әңгімелерін өткізу негізінде жүргізілуі мүмкін.

Кәсіби диагностика жоғары сынып оқушысының танымдық және кәсіби әуестік пәндік бағытын, тереңдігі мен тұрақтылығы туралы қорытынды жасайды. Бейімі туралы мәліметтерді сауалнама сияқты диагностикалық әдіс арқылы алуға болады. Әуестік пен бейімділіктің кәсіби қызметтің әр түрлі салаларына қатысты болуы мүмкін екенін есте ұстаған жөн. Мысалы, техникаға бейімділігін инженер мамандығы мен инженерлік-педагогикалық жұмыста көрсете алады. Сондықтан, әуестік мен қабілеттерді зерттеуден басқа, таңдаған мамандыққа үйрену мен мамандықтардың шеңберін тарылтуға мүмкіндік беретін қабілеттерді анықтау қажет.

Мүмкіндіктерді зерттеу үшін әртүрлі әдістер қолданылады: қызметтің өнімдерін талдау, табиғи және зертханалық эксперименттер, сауалнама, пәндік және проективті тесттер. Ең алдымен әртістік, музыкалық және көркемдік қабілеттерін диагностикалау сарапшылардың қатысуын талап етеді, екіншіден, қабілеттерін диагностикалау психологтың арнайы біліктілігін талап ететін өте нәзік мәселе [22].

Мамандықтар әлемі туралы, оны қайда және қалай алуға болатындығы туралы білу қажет, бірақ бұл білім тек болашақ кәсіптік жолды табысты таңдау үшін жеткіліксіз.

Жоғары мектеп оқушыларының кәсіби мақсаттарын зерттеу үшін мамандықты таңдау тақырыбына ашық және жабық сауалнамаларды, әңгімелерді, шығарма жазу сияқты әдістерді қолдануға болады.

Білім алушылардың кәсіби мақсаттарын зерттеудің негізгі диагностикалық әдістеріне мысалдар келтірейік:

Бастапқы кәсіби диагностика үшін – қызығушылық, бейімділік, кәсіп және қызмет түрлері бойынша бағдарлау:

- «Дифференциалдық-диагностикалық сауалнама(ДДС);
- «Бағдар» сауалнамасы;
- Кәсіптік дайындықты анықтау үшін сауалнама (КДАС);
- «Қызығушылық картасы» әдісі;
- «Кәсіптік мақсатын анықтау» анкетасы.

Тереңдетілген кәсіби диагностика үшін:

- Дж.Холландтың кәсіби артықшылықтар сауалнамасы (ОПП);
- Терминальды құндылықтарды анықтау сауалнамасы(ОтеЦ);
- Г.Айзенка тесті – тұлғалық сауалнама (ЕРІ);
- Тұлғаның бағыттылығын анықтау, өмірлік құндылықтар (жалпы және кәсіби)

- тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттері;
- тұлғаның белгілі бір қызметке жалпы бағыттылығы мен тұрақты икемділігінің өзара байланысы;
- кәсіби маңызды психо-физиологиялық функциялар мен қасиеттері.

Сауалнама жүргізу үлгілері:

• Сауалнама «Сенің болашақ мамандығың». Сауалнама оқушылардың таңдаған (немесе оқыған) мамандықтың сипаты мен сипаттамалары туралы түсініктерін анықтауға арналған. Зерттеу нәтижесі бойынша алынған деректер осы мамандық туралы толық түсініктерді, сондай-ақ олардағы қарама-қайшылықтардың болуы, оқушыларды белгілі бір жұмыс сипатына бағыттауын, оқушының болашақ жұмыс және оның таңдаған мамандығы туралы пікір сәйкестігін анықтауға мүмкіндік береді.

• «Мен мамандық таңдаймын» сауалнамасы. Сауалнамада белгілі бір мамандықты немесе қызмет саласын анықтауға студенттерді ынталандыратын мотивациялық факторлар туралы ақпарат беріледі.

• «Менің болашақ мамандығым» сауалнамасы.

Сауалнама білім алушылармен жеке сұхбат алу үшін кәсіптік бағдар беру туралы ақпарат алуға бағытталған;

Сауалнама білім алушылардың мамандық бойынша одан әрі жұмыс істеуіне қатысты өзіндік талаптарын анықтауға мүмкіндік береді.

• Білім алушылардың кәсіби қызығушылықтары мен жоспарларын бағалауға арналған сауалнама. Жауаптардың негізінде білім алушылардың кәсіби қызығушылықтары мен жоспарлары (олар оқып немесе

жұмыс істейтін болады), таңдалған мамандық, таңдаудың себептері айқындалады.

- Оптанта сауалнамасы. Сауалнама кәсіптік жоспарды және оны қалыптастыру дәрежесін, кәсіп таңдауды білу туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

- Білім алушылардың кәсіби ниеттерін зерттеу сауалнамасы (Л. М. Фридман, Т. А. Пушкина, И.Я.Каплунович). Бұл әдіс кәсіптік мүдделерді тану және анықтап білу, оқушылардың хабардарлығын білу және олардың қабілеттерін бағалау, сондай-ақ, адам үшін физикалық және психологиялық талаптар туралы білімді таңдаған мамандықты тану фактісі туралы ішкі білімді сипаттайтын мамандықты таңдауға дайын екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Жеке тұлғаның кәсіби бағыттылығы оның мүдделерінде, бейімділігімен, ниеттерімен, идеалдарымен көрінетін маңызды аспектілерінің бірін түсінеді. Кәсіби бейімделу адамның жұмыс көлемін және кәсіби даму жолдарын таңдауға дайындалудағы дәлелді және мақсатты әрекеттерді анықтайды. Кәсіптік бағдар қалыптастыру үдерісіне кедергі келтіретін себептер жұмысқа теріс қатынас, білім беру материалын жетік білмеу, мамандықтар туралы білімнің жетіспеушілігі, кәсіптік мүдделер, мүмкіндіктер, идеалдар және осы мамандық бойынша жұмыс істеу мүмкіндіктері және өзін-өзі сынақтан өткізу болып табылады.

Кәсіби бағдарды бағалауда адамның қалауына негізделген әр түрлі қызмет түрлерінің сипатына қарай қолданады:

- 1) Дифференциалды-диагностикалық сауалнама (ДДС) Е.А. Климова (А.А. Азбельдің модификациясы). А.А. Азбель әдіснамасы ДДС-да адамның өзі еңбек ететін пәннің қосымша түрлері бар. Әрбір мамандық түрлері кәсіптік дағдыларға негізделген, бұл дағдылар маманның бойында болуы тиіс (әдістемелік ұсынымға қосымша).

- 2) Кәсіби қызметтің түрлі салаларына дағдыны бағалау әдістемесі(Л.А. Йовайши) кәсіби дағдыны өздігінен анықтау мақсатында жеке немесе топтық зерттеулер контексінде қолданылады. Әдістемеге 0, 1, 2, 3-тармақтарда бағалануы тиіс екі ықтимал жауабы бар ереже мен сұрақтар тізімі берілген, сондықтан әрбір сұрақтың (а, б) тармақтарының сомасы 3 баллға тең болады. Индикаторлардың ауырлық дәрежесі ерлер мен әйелдерге арналған стандарттар бойынша келесі бағыттар бойынша анықталады: А – адамдармен жұмыс істеуге икемділік, В – ойлау жұмыс түріне икемділік, С – өндірісте жұмыс істеуге икемділік, Г – эстетика мен өнерге икемділік, Д – қимыл-қозғалыстағы қызмет түрлеріне икемділік, Е – жоспарланған экономикалық қызметке икемділік.

- 3) Қызығушылық картасы әдістемесінің негізі әр түрлі оқыту мен қызмет түрлеріне білім алушылардың қызығушылығын өздігінен бағалау принципіне негізделген (А.Е. Голомитокт, А.А.Азбельдің модификациясы) болып табылады. Әдістеме кәсіби қызығушылықтың негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Қызығушылық – жеке тұлғаның бағытталуының маңызды бөлігі, оның мотивациялық саласы және қажеттіліктердің көрінісі. Кәсіптік қызығушылық – тұлғаның әлеуметтік-психологиялық рөлі ретінде кәсіпке таңдап бағдарлануы.

«Қызығушылықтар картасы» әдістемесі белгілі бір деректер алуға мүмкіндігін береді. Бұл деректер негізінде оқушылардың кәсіптік қызметтің әр түрлі салаларында өзін-өзі анықтауға дайын екендігін бағалауға мүмкіндік береді. «Қызығушылықтар картасы» биология, география, геология, медицина, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, физика, химия, тарих, әдебиет, журналистика, әлеуметтік қызмет, педагогика, құқық және юриспруденция, қызмет көрсету және сауда, математика, экономика, шет тілі, бейнелеу өнері, сахналық өнер, музыка, физкультура және спорт, инженерлік, электротехника, металл өңдеу, ағаш өңдеу, құрылыс, көлік, авиация және теңіз (өзен) ісі сияқты 29 сала көлеміндегі қызығушылықтарды анықтайды.

4) Кәсіби бағдарлау әдістемесінің негізі (кәсіби бағдарланған тұлғаның түрін анықтау) (Дж. Голланд, А. Азбел *модификациясы*) - жеке тұлға теориясын мансаптық таңдау теориясы арқылы біріктіретін Дж.Голландтың әзірлеген психологиялық тұжырымдамасы, оған сәйкес кәсіби бағдарланған алты жеке тұлғаның түрлері :

- 1) шынайы – материалдық заттарды құруға, технологиялық процестерді және техникалық құралдарды ұстауға бағытталған;
- 2) интеллектуалдық – психологиялық еңбекке;
- 3) әлеуметтік – әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесу;
- 4) конвенциалық – нақты құрылымдық қызмет туралы;
- 5) кәсіпкерлік – адамдар мен бизнесті жүргізу;
- 6) көркемдік – шығармашылық үшін.

Шынайы немесе практикалық тип. Бұл типке жататын адамдар күшті, ептілікті, қозғалысты, қозғалысты жақсы үйлестіре алатын, практикалық жұмыстардың дағдыларын талап ететін жұмысты орындауды қалайды. Бұл типтің кәсіпқой еңбегінің нәтижелері сезіледі және шынайы – олардың қолымен әлем орнаған. Шынайы типтің адамдары көп сөйлемейді, көп істейді, олар табанды және өздеріне сенімді, жұмыста нақты және анық нұсқауды қалайды. Дәстүрлі құндылықтарға сүйенеді, сондықтан жаңа идеяларға сын көзбен қарайды.

Көбінесе осы типтегі адамдар белгілі бір проблемаларды шешуді, ұтқырлықты, табандылықты және технологиямен қарым-қатынасты қамтитын мамандықтарды таңдайды. Қарым-қатынас қызметінде негізг болмайды, бәрінен бұрын ақпарат алу мен оны өңдеуге байланысты.

Ұсынылатын мамандықтар: механик, электрик, инженер, жүргізуші.

Интеллектуалдық тип. Бұл типке жататын адамдар аналитикалық қабілеттерімен, рационализм, тәуелсіздік және ойлау мықтылығы, өз ойын анық құрастырып, жеткізе алуымен, логикалық тапсырмаларды шеше алуымен, жаңа идеяларды шығара алуымен ерекшеленеді. Ғылыми және зерттеушілік жұмысты жиі таңдайды. Оларға шығармашылық еркіндік қажет. Олар үшін

адамдармен қарым-қатынастан идеялар әлемі барынша маңызды. Олар үшін материалдық жағдай бірінші орында емес.

Ұсынылатын мамандықтар: танымдық интеллектуалдық типтің ғылыми шығармашылық мамандықтары: физик, химик, астроном, математик, биолог, географ, геолог, философ, лингвист.

Әлеуметтік тип. Бұл типке жататын адамдар оқумен, тәрбиемен, емдеумен, кеңес берумен, қызмет көрсетумен байланысты кәсіпқойлық қызметті артық көреді. Олар гуманды, сезімтал, белсенді, әлеуметтік нормаларға бағытталған, басқа адамның эмоционалдық жай-күйін түсінуге қабілетті. Сөйлеулері жақсы дамыған, тірі мимика, адамдарға қызығушылық танытады, көмек беруге дайын. Материалдық жағдай олар үшін әдетте бірінші орында емес.

Ұсынылатын мамандықтар: мұғалім, дәрігер, психолог.

Конвенциалық тип. Бұл типке жататын адамдар әдетте шартты белгілер, цифрлар, формулалар, мәтіндер (құжаттамалар жүргізу, сандар мен шартты белгілер арасындағы сандық ара қатынасты белгілеу) ақпаратты өңдеумен және жүйелеумен байланысты жұмысқа бейім. Олар ұқыптылығымен, пунктуальдығымен, тәжірибелігімен ерекшеленеді, әлеуметтік нормаларға бағытты, нақты регламенттелген жұмысты қалайды. Материалдық жағдай басқаларға қарағанда олар үшін аса маңызды. Кең байланысты және жауапты шешімдер қабылдаумен байланысты жұмысқа бейімді.

Ұсынылатын мамандықтар: есепші, экономист, нотариус, қаржыгер, тауартанушы, іс жүргізуші.

